

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯ БІЛІМ ЖҮЙЕСІН АККРЕДИТТЕУ
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ**

**«БОПАЙ ХАНЫМ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІН» ЖШС
СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ИНСТИТУЦИОНАЛЬДЫҚ
АККРЕДИТТЕУ ШЕҢБЕРІН АНЫҚТАУ ЕСЕБІ**

Аудит мерзімі 29-30 сәуір 2024 жыл

Ақтөбе 2024

Мазмұны

Стандарт №	Стандарт атауы	беті
	Колледж туралы мәлімет	3
1 Стандарт	Колледж миссиясы және стратегиялық даму жоспары	4 -15
2 Стандарт	Менеджмент және әкімшілік	15-17
3 Стандарт	Білім беру бағдарламалары	
4 Стандарт	Оқытушылар құрамы және білім беру тиімділігі	17-20
5 Стандарт	Білім беру және білім алушылар	20-33
6 Стандарт	Оқу тәрбие жұмыстары	33-42
7 Стандарт	Қаржы	42-54
8 Стандарт	Материалды -техникалық және ақпараттық ресурстар	54-65
	Қорытынды	66-67
	Қосымшалар	87-68

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ БІЛІМ ЖҮЙЕСІН АККРЕДИТТЕУ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ИНСТИТУЦИОНАЛЬДЫҚ АККРЕДИТТЕУ АНЫҚТАМАСЫ

КОЛЛЕДЖ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

ЖШС «Бопай ханым жоғары медициналық колледжі» 2017 жылы 0302000 «Мейірбике ісі» мамандығының 0302043 «Жалпы тәжірибелік медбике» біліктілігінің ашылуына байланысты колледж мемлекеттік қайта тіркеуден өтіп, «С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің медициналық-әлеуметтік колледжі» ЖШС болып аталды. 2019 жылдың 16 қаңтарынан бастап колледж атауы «Бәйішев атындағы жоғары медициналық колледж» ЖШС болып өзгертілді, ал 2023 жылдың қараша айында колледж мемлекеттік қайта тіркеуден өтіп, «Бопай ханым жоғары медициналық колледжі» ЖШС болып өзгертілді.



Студенттердің алғашқы түлектері «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша 2020 жылы бітірушілер саны 183 адамды, ал 2021 жылы «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша 250 адамды құраған, «Фармациядан» – 36 адам, 2022 жылы: «Мейірбике ісінен» – 298 адам, «Емдеу ісінен» – 21 адам, «Фармациядан» – 25 адам, 2023 жылы – «Мейірбике ісінен» – 262 адам, «Емдеу ісінен» – 115 адам, «Фармациядан» - 50 адам бітіріп шыққан.

Қазіргі уақытта колледж келесі мамандықтар бойынша білім беру қызметін жүзеге асырады:

- 1) 09130100 «Мейірбике ісі» (біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы тәжірибелік медбике»);
- 2) 09160100 «Фармация» (біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»);
- 3) 09120100 «Емдеу ісі» (біліктілігі 4S09120101 «Фельдшер»);
- 4) 09130200 «Акушерлік ісі» (біліктілігі 4S09130201 «Акушер»);
- 5) 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры».

Колледж халықаралық ынтымақтастықты, оның ішінде Ресей Федерациясы, Башқұртстан Республикасының Уфа медициналық колледжімен орта кәсіптік білім беру, академиялық және мәдени байланыстар мен тәжірибе алмасу мәселелері бойынша практикалық көмек көрсету мақсатында тұрақты түрде қарым - қатынаста.

2019 жылы Бейжіңдегі Дон Фан гипертония және қант диабеті ғылыми-зерттеу институтымен, 2022 жылы Ресей Федерациясының Ростов мемлекеттік университетімен келісім шарттар жасалынған.

Колледж сонымен қатар КЕАҚ «М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті», «Бәйішев университеті» мекемесімен, РПВ

бойынша МКҚК «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе жоғары медициналық колледжімен», РПҚ бойынша МКҚК «Ақтөбе жоғары политехникалық колледжімен», МКҚК «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжімен» ынтымақтастықта.

1 СТАНДАРТ КОЛЛЕДЖ МИССИЯСЫ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Колледж миссиясы

Жаңа инновациялық технологиялар арқылы сапалы білім беру қызметін көрсету және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз кәсібін жетік меңгерген, сауатты, ойлау қабілеті жоғары, әлеуметтік және кәсіби дағдыланған, ұлттық рухы бар, қоғамда өз орнын таба алатын жоғары білікті медицина мамандарын даярлау.

24.12.2021 жылы ЖШС «Бәйішев атындағы жоғары медициналық колледжі» 2022-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары бекітілген.

Осы жоспарда колледжді дамытудың және оқу үдерісін жетілдірудің негізгі мақсаттары мен перспективалық бағыттары айқындалған.

Колледжді дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспары заңнамалық құжаттарға: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына (01.01.2022 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен), «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңына, Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 «Салауатты ұлт - әрбір азаматқа сапалы және қолжетімді медициналық көмек» ҚР Үкіметінің қаулысына негізделген.

Стратегиялық даму жоспарындағы колледж беделінің негізгі көрсеткіштері:

1) Колледжді дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына 2022-2023 оқу жылында ұйымдастыру құрылымына байланысты өзгерістер енгізілген. Колледжде Ардагерлер кеңесі, арнайы пәндер бірлестігі, арнайы пәндер № 1, арнайы пәндер № 2, арнайы пәндер «Фармация» болып бөлінген;

2) «Мансап және жұмыспен қамту орталығы»;

3) 2022 жылдың желтоқсан айында «Емдеу ісі» және «Фармация» мамандықтары мамандандырылған аккредиттеуден кейінгі постмониторингтен сәтті өткен;

4) 2022 жылдың қыркүйек айында ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің № 842 бұйрығына сәйкес колледж мемлекеттік аттестаттаудан (5 жылға) өткен;

5) 2022 жылдың қорытындысына сәйкес Қазақстанның медициналық колледждер одағы өткізген рейтинг нәтижесі бойынша Бәйішев жоғары медициналық колледжі ҚР 78 медициналық колледждер арасындағы үздік 15 колледждердің қатарына енген;

6) Колледж басшылығы - Каршыгина Г.Е., Сейтенов Е.А., Конакова Г.М. 2022 жылдың қараша және желтоқсан айларында білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарында даярлықтан өткен;

7) Ростов мемлекеттік университетінің Елецк теміржол техникумымен келісім-шарт жасалынған;

8) Медициналық мекемелерімен білім алушыларды тәжірибелік базамен қамту мақсатында 28 келісім-шартқа отырған.

Ғылыми конкурс, конференцияларды ұйымдастыру және қатысу жұмыстарының нәтижесі:

- колледж базасында 2022 жылы қазан айында «Заманауи ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, «Жыл студенті» үздік студенттік жұмыстар байқауы ұйымдастырылған;

- колледж базасында 2023 жылы наурыз айында эпилепсиямен ауыратындар күніне орай «Күлгін күн» халықаралық ғылыми-практикалық моно тақырыпта конференция ұйымдастырылып конференцияға Түркия, Ресей, Украина, Беларусь, Қырғызстан, Қазақстан ғалымдары қатысқан;

- 81 оқытушы әртүрлі ғылыми сайыстар мен конференцияларға қатысып, өз білімдері мен біліктіліктерімен бөліскен;

2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша колледждің оқытушылары 62 ғылыми мақала, 42 оқытушысы «Қазіргі ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағында ғылыми мақалалар жариялаған;

2023 жылғы 25 сәуірде Ақтөбе облысының білім басқармасымен, Ақтөбе облысының орта медицина қызметкерлерінің қауымдастығымен, М. Оспанов атындағы БҚМУ-мен бірлесіп, М.Мәметова атындағы Ақтөбе жоғары медициналық колледжі және Баишев жоғары медициналық колледжі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, «Парыз» мейірбике ісі мамандарының республикалық қоғамдық бірлестігі, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі өкілдерінің қатысуымен «Мейірбикелік технологиялар: инновациялар, практикаға енгізу» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастырған. Конференцияда мейіргер ісін дамытудың өзекті мәселелері, мейіргер ісін реформалау, орта медицина мамандарының кәсіби дамуы мен көшбасшылығы, сапа стандарттарын енгізу мәселелері қаралып, конференцияға клиникалық базалардан барлық тәлімгерлер (менторлар) шақырылып, үлкен іс шара жүргізілген.

Колледждің 2022-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыру бағдарламасы ТЖКБ білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан қызметтің бірқатар негізгі бағыттарына бағытталған:

1. Ұйымдастырушылық-басқарушылық;
2. Ақпараттық-білім беру;
3. Қаржы-экономикалық;
4. Шығармашылық;
5. Тәрбиелік.

Күтілетін нәтижелері:

- Республиканың медициналық колледждер одағына кіру;
- колледжді аккредиттеу;
- Қазақстан Республикасының ТЖКБ жетекші колледждерінің рейтингі бойынша жоғары орында болу;

Сапаны қамтамасыз ету саясаты:

- кәсіби стандарттардың барлық талаптарына жауап беретін құзыретті медицина мамандарын дайындау;
- білім беру қызметтерінің нарығында бәсекеге қабілеттілік үшін қызмет көрсету сапасын үздіксіз жақсарту;
- рухани жаңғыру аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру, студенттерді қазақстандық патриотизм рухында, жалпы адамзатты сүюге тәрбиелеу.

Стратегиялық жоспардың басым бағыттары:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған жоғары сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамытуға жағдай жасау арқылы интеллекті байыту;
- 3) еуропалық білім кеңістігіне интеграциялану;
- 4) еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жұмыс берушілер мен тұтынушылардың сапалы білімге және кәсіптік оқыту мазмұнына қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- 5) жаңа әдістерді меңгеру, студенттерді өмірлік маңызы бар әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге үйрету арқылы кәсіби қызметтің технологияларын, кәсіби тәжірибе мен оқытуды оңтайландыру.

Негізгі болжамдары:

- 2024-2025 оқу жылына қарай студенттердің жалпы саны 2500-ге жетеді деп болжануда;
- оқытушының мәртебесі артады, негізгі профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби біліктілігі (педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-

зерттеуші, педагог-шебер)немесе академиялық/ғылыми дәрежесі бар мамандармен қамтамасыз ету;

- әкімшілік-шаруашылық қызметті оңтайландыру кезінде қызмет көрсету сапасын арттыру.

- ақпараттық жүйе мен ақпараттық ортаны қол жетімді қылу;

- корпоративтік басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне көңіл бөлу.

Міндеттері:

1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын орындау арқылы жоғары білікті, бәсекеге қабілетті медицина мамандарын даярлау жүйесінің тиімділігін арттыру;

2. Колледждің медициналық мамандықтары бойынша түлектерді даярлаудың жоғары мәртебесін қамтамасыз ету;

3. Колледжде қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қалыптастыру;

4. Білім алушылардың интеллектуалдық, рухани, адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету;

5. Колледжді заманауи инфрақұрылыммен жабдықтау.

Көрінісі:

Жеке тұлғаның оқу-әдістемелік, ғылыми, шығармашылық әлеуетін дамыту және Қазақстанның коммуникативті, ақпараттық жағдайында медициналық мамандықтар бойынша білім беру саласындағы инновациялық үдерістер орталығын ашу.

Стратегиялық мақсаты:

Орта кәсіптік деңгейдегі медициналық мамандықтар бойынша білім беру саласында инновациялық көзқарасты және жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту.

Стратегиялық даму бағыттары:

- арнайы кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру, жаңа білім беру қызметтерін алу мәселелерін шешу арқылы білім берудің тиімді жолдарын табуға мүмкіндік беретін, өзін-өзі бағалауды қамтамасыз ететін жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру процесін сапалы жаңа деңгейге көтеру.

Білім алушыны қабылдау кезінде оқу тәрбие процесі оқу бағдарламасына және мемлекеттік саясатқа сәйкес жүзеге асырылады:

- білім алушыны көшбасшылық қасиеттері бар қоғамның құрметті мүшесі ретінде тәрбиелеу;

- конструктивті ойлау қабілеті бар, дұрыс шешім қабылдай алатын тұлға ретінде тәрбиелеу;

- өз мамандығының үздік маманы болуға тәрбиелеу;

- кәсіптік қызметте және білімін тереңдету процесінде табысты азаматты қалыптастыру.

Стратегиялық жоспарды іске асыру бағдарламасы:

- колледж өз миссиясына сәйкес оқу әдістемелік орталықтың үйлестірушісі ретінде кәсіптік білім беру саласындағы өз ұстанымын бекітеді. Жарқын болашақта Қазақстандағы медициналық колледждер арасындағы үздік колледждердің біріне айналуға ұмтылу.

Колледж беделінің негізгі көрсеткіші:

- еңбек нарығындағы түлектерге жоғары қажеттілік (90% және одан да жоғары), оқу-әдістемелік, ғылыми, шығармашылық нәтижелері, тәжірибелік тәжірибесі мен оқытушылардың кәсіби шеберлігі, қуатты материалдық-техникалық базасына айналу.

Даму бағдарламасының ішкі келісімділігі:

Даму бағдарламасында көрсетілген колледждің миссиясы мен мақсаттары даму бағдарламасы реформалауды жүзеге асыру үшін өзектендіру жұмыстары жүргізілуде және оған барлық қажетті жағдайлар жасалған:

- жеткілікті оқу және материалдық-техникалық базамен жабдықтау;
- білікті кадрлық әлеуетті арттыру;
- практикалық денсаулық сақтаумен байланыста болу;
- ынтымақтастық туралы клиникалық базалармен келісім шарттар жасау;
- жоғары медициналық оқу орындарымен өзара байланыста болу;
- медицина саласын дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастықты сақтау.

Колледждің штаттық кестесі колледжді дамыту бағдарламасын, мейіргер ісін дамытудың кешенді жоспарын, Қазақстан Республикасында медициналық білім мен ғылымды, мейіргер білімін жаңғырту жөніндегі Жол картасын іске асыру үшін құрылымдық бөлімдердің жеткілікті санын көздейді.

Даму бағдарламасының сыртқы келісімділігі

№	Индикаторлар	2022	2023	2024	2025
1	Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын пәндік үйірмелер санын ұлғайту	10	13	16	20
2	Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын білім алушыларды қамту пайызын ұлғайту	25%	30%	35%	40%
3	Білім алушылардың білім деңгейінің сапалық көрсеткіштерін жақсарту	90%	93%	95%	97%
4	Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дәлелді медицина қағидаттарын енгізу	Студенттердің ғылыми-зерттеу жобалары - 2	Студенттердің ғылыми-зерттеу жобалары - 3	Студенттердің ғылыми-зерттеу жобалары - 4	Студенттердің ғылыми-зерттеу жобалары - 5

Халықаралық ынтымақтастық

Халықаралық ынтымақтастық білім беру сапасын арттыруға колледждің отандық және әлемдік білім беру қызметтері нарығындағы ұстанымын нығайтуға ықпал ете отырып, білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін жоғары дәрежеде қолға алу.

№	Индикаторлар	2022	2023	2024	2025
1	Шетелдік әріптестердің қатысуымен оқытудың инновациялық технологияларын енгізу бойынша мастер-кластар өткізу	Шетелдік оқу орнымен келісім-шарттар жасау	Арнайы пән оқытушыларының мастер-кластар өткізуі; Ақтөбе облысы денсаулық сақтау басқармасымен, М.Оспанов атындағы БҚМУ бірлесіп халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастыру	Уфа медициналық колледжімен бірлесіп халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастыру	Ақтөбе облысы денсаулық сақтау басқармасымен, М.Оспанов атындағы БҚМУ бірлесіп халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастыру, ғылыми жобалар дайындау
2	Оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту	Оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру бойынша Ереже дайындау	Оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру бойынша Ереже дайындау	Оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру бойынша келісім-шарттар жасау	Оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын оқу процесіне енгізу
3	Оқытушылар мен білім алушылардың халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға, конкурстарға, олимпиадаларға және форумдарға қатысу деңгейін арттыру	3%	5%	7%	10%
4	Колледж оқытушыларының халықаралық бағдарламаларға, тағылымдамаларға және біліктілікті арттыру курстарына қатысуы	30%	40%	50%	60%

Мүдделі тараптардың қатысуы

Колледжді дамыту бағдарламасын іске асыруға мүдделі тараптар уәкілетті басқару органдары, медициналық ұйымдар, оқытушылар, колледж студенттері және олардың ата-аналарымен іске асады.

№	Индикаторлар	2022	2023	2024	2025
1	Жұмыс берушілердің кәсіптік практиканың оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеуге қатысуы	3	4	5	7
2	Білім алушылардың білім деңгейі мен практикалық дағдыларын бағалау үшін бақылау-өлшеу құралдарына пікір жазу	3	4	5	5
3	Жұмыс берушілердің барлық мамандықтар бойынша түлектердің қорытынды мемлекеттік аттестациясын өткізуге қатысуы	3	3	3	3
4	Жұмыс берушілердің медициналық	5	7	10	15

	білім беруді жетілдіру мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер, жәрмеңкелер, кәсіби конкурстар өткізуге қатысуы				
5	Бірлесіп бос орындар жәрмеңкесін өткізу, "Жастар. Білім. Мансап"	5	7	10	15
6	Студенттер мен ата-аналардың алқалы басқару және өзін-өзі басқару органдарына (Педагогикалық кеңес, Студенттік кеңес, Студенттік парламент және т. б.) қатысуы	50	70	90	100
7	Клиникалық базалармен келісім шарттар жасасу	10	15	20	25
8	Түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткіштері	90%	92%	93%	95%
9	Дәлелді практика негізінде ғылыми зерттеулер саласында менторлармен/тәлімгерлермен ынтымақтастықты дамыту	Жыл бойына 2 кездесу ұйымдастыру	Жыл бойына 3 кездесу ұйымдастыру	Жыл бойына 4 кездесу ұйымдастыру	Жыл бойына 5 кездесу ұйымдастыру

Колледж басшылығы шешім қабылдау процесінде даму бағдарламасын қолданады:

- білім беру қызметтерін сапалы көрсету;
- білім алушылар мен ПОҚ контингентін жоспарлау;
- оқу және материалдық-техникалық базаны көбейту;
- түлектерді жұмысқа орналастыру.

Адами және қаржылық ресурстарға бағдарлану

№	Индикаторлар	2022	2023	2024	2025
1	Штаттық оқытушылармен қамтамасыз етілуі	70%	75%	80%	85%
2	Жоғары және бірінші білікті санаты бар оқытушылардың, педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің санын ұлғайту	40%	45%	50%	55%
3	Магистр академиялық дәрежесі, ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD докторы ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санын ұлғайту	10%	15%	20%	25%
4	Академиялық бакалавр, магистр, Мейіргер ісі бойынша доктор дәрежелері бар жоғары мейіргер білімі бар оқытушылар санын ұлғайту	10%	15%	20%	25%
5	Оқытушылардың біліктілігін арттыру	30%	35%	40%	45%
6	Практик-оқытушылардың санын арттыру	20%	25%	30%	35%
7	Worldskills халықаралық чемпионатына қатысу үшін Ұлттық сарапшыны оқыту және даярлау	2	3	4	5
8	Шетелдік сарапшыларды тарта отырып, Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға, шеберлік сыныптарына, дөңгелек үстелдерге, форумдарға қатысу	10%	15%	20%	25%
9	Ағылшын тілін меңгерген оқытушылар санын арттыру	5%	10%	15%	20%

Материалдық-техникалық базаны және IT технологияларды дамыту

№	Индикаторлар	2022	2023	2024	2025
1	Кабинеттер мен зертханаларды интерактивті және мультимедиялық проекторлармен жабдықтау	4	6	8	10
2	Компьютерлер санын көбейту (бір компьютерге)	10	8	6	4

3	«БаишевМед» клиникалық базасын дамыту	Материалдық-техникалық базаны дамыту	Материалдық-техникалық базаны дамыту	Материалдық-техникалық базаны дамыту	Материалдық-техникалық базаны дамыту
4	Басқа қаладан келген студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету	50%	60%	70%	80%
5	Колледжді күрделі жөндеуден өткізу	Колледждің спорт залына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, Симуляциялық орталық ашу	Колледж ғимаратының 1 қабатына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу	Колледждің ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу	Колледждің ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу
6	Әлемнің жетекші мейірбике дайындайтын оқу орындары пайдаланылатын базалық оқулықтармен қамтамасыз етілген арнайы пәндердің үлесі	2	5	8	10
7	ҚР-да жүргізіліп жатқан мейіргер ісінің реформасы бойынша республикалық, халықаралық конференциялар, форумдар жинақтарындағы жарияланымдар, тезистер (мақалалар) санын ұлғайту	8	10	12	15

Қуатты материалдық-техникалық база:

- 2022-2023 оқу жылының қыркүйек-маусым айлары аралығында колледждің материалдық базасын нығайту үшін 42 913 000 тенгеге құрал-жабдықтар сатып алынған;

- Ж.К.Ордабаев атындағы №1 Симуляциялық орталық ашылған;
- симуляциялық орталықтарға құрал-жабдықтар, муляж, фантомдарды сатып алу жұмыстары жүргізілуде;

- 100 компьютермен жабдықталған тест орталығы (3 кабинет) жұмыс жасайды;

- колледжде жөндеу жұмыстары жүргізілген, мәжіліс залына реконструкция жасалынған.

- «Platonus College» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі оқу үдерісінде толық қолданысқа енгізіліп, қызметтер көрсету, техникалық қолдау көрсету және жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Колледжде барлық санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелерге сәйкес келетін 250 орындық асхана бар.

Білім алушылар үшін 210 орындық жатақхана бар, онда студенттердің тұруы үшін барлық жағдай жасалған, бөлмелер толық жиһазбен жабдықталған, сабаққа дайындалу үшін кабинеттер, демалыс бөлмелері, кинозал бар. Әр қабатта тұрмыстық, үтіктеу және кептіру бөлмелері, душ, ас үй орналасқан.

Үш оқу корпусында теориялық және практикалық сабақтарға арналған оқу аудиториясы бар, оның ішінде жалпы білім беретін және арнайы

пәндер үшін (клиникаға дейінгі практикалық кабинеттер), оқу кабинеттері, зертханалар, тестілеу орталығы (компьютерлік кабинеттер – 3), конференц-зал - 1, Симуляциялық орталық – 2 бар, клиникалар базасында оқу кабинеттері де бар.

Колледждің барлық білім беру кеңістігі кең жолақты интернет желісіне қосылған. Оқытушылар мен студенттердің ыңғайлылығы үшін колледж тегін Wi-Fi қолданады.

Инновациялық технологияларды енгізу және оқу процесін автоматтандыру мақсатында колледж «Platonus College» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі бойынша қызметтер көрсетеді.

«Platonus» жүйесінде колледждің барлық нақты шаралары мен процестері көрініс табатын орталықтандырылған деректер базасы бар.

Әрбір студент пен қызметкер үшін жеке кабинет (web – бет) қарастырылған, ол колледж қызметкерлеріне, білім алушыларға - қажетті ақпаратты көруге, кейстерге және білімді бақылауға бірден қол жеткізуге, тікелей нақты уақытта оқытушымен ғаламдық Интернет желісі немесе ішкі колледж желісі арқылы қарым-қатынас жасауға мүмкіндік қарастырылған.

Білікті кадрлық әлеует:

Педагогтердің сандық және сапалық құрамын жоғарылату, негізгі профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби біліктілігі (педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер) немесе академиялық/ғылыми дәрежесі бар оқытушылар, «Мейіргер ісі» бойынша академиялық бакалаврларды жұмысқа қабылдау жұмыстары жыл бойына жүргізілген:

- штаттық оқытушылармен қамтамасыз етілуі – 75,8% құрады;

- магистр академиялық дәрежесі, ғылым кандидаты, ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санын көбейген, магистрлар, «Мейіргер ісі» академиялық бакалаврлары, «Мейіргер ісі» қолданбалы бакалаврлары жұмысқа қабылданған;

Ұжымның жас құрамын талдау көрсеткіштері бойынша: колледж оқытушыларының орташа жасы қазіргі уақытта 35 жасты құрайды.

2022-2023 оқу жылында 82 оқытушы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, 81 оқытушы әртүрлі ғылыми сайыстар мен конференцияларға қатысқан.

Білім сапасын жетілдіру бойынша:

- стратегиялық жоспарға сәйкес 2024-2025 оқу жылына қарай білім алушылардың жалпы саны 2500-ге жетеді деп болжануда. Білім алушылардың контингенті 2022-2023 оқу жылы соңында 1886 адамды құрады. 2022-2023 оқу жылы 719 бала 1 курсқа қабылданған, 2023-2024 оқу жылына 700 студент оқуға қабылданады деп жоспарлануда;

- 2022 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткіші колледж бойынша – 90,9% құрайды: Мейіргер ісі – 90,5%; Фармация - 96%, Емдеу ісі – 90,4%;

- білім алушылар мен түлектердің білімін, біліктілігін, дағдыларының деңгейін тәуелсіз бағалауына Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының мүшелері ретінде жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер қатысады;

- 2022-2023 оқу жылының түлектері Мемлекеттік аттестаттауды жоғары деңгейде тапсырып, өз білімдерін дәлелдеген. Бітіруші топтардан 429 білім алушы емтиханға жіберіліп, барлық бітіруші білім алушы Мемлекеттік аттестаттау кезеңдерін жақсы тапсырып, өз білімдерін дәлелдеп, сапалық көрсеткіш: «Мейіргер ісі» мамандығы – 89%, «Емдеу ісі» мамандығы 89%, «Фармация» мамандығы – 81,7%, жалпы мамандықтар бойынша қорытынды аттестаттау нәтижесі – 88,2% жеткен;

- колледж студенттері түрлі конкурстарға, олимпиадаларға және ғылыми-практикалық конференцияларға қатысады. 115 студент өздерінің ғылыми жұмыстарын «Жыл Студенті» үздік студенттік жұмыстар байқауының материалдар жинағында және «Қазіргі заманғы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» ХҒПК-да жариялады;

- «Worldskills – 2023» аймақтық чемпионатына 5 білім алушы қатысып, ІІІ жүлделі орынға ие болды;

- 2023 жылы тоғызқұмалақтан республикалық чемпионатта колледж студенттерінен құрылған команда І жүлделі орынға ие болды.

Колледждің 12 студенті «СНПС Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «Сағыз Петролеум Компани» ЖШС және т. б. кәсіпорындар есебінен оқиды.

Жыл сайын Бас директордың шешімімен аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан колледж студенттеріне оқу ақысына 10%, 50%, 100% мөлшерінде жеңілдіктер беріледі.

Оқу ақысын төлеуде жеңілдіктерді белгілі бір әлеуметтік топқа жататын білім алушылар алады, бірінші дәрежелі туыстық білім алушылар-10%, бір оқу жылына немесе бүкіл оқу кезеңіне 100% дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Мысалы, «Емдеу ісі» тобының білім алушысы А.Айданғалиев бүкіл оқу кезеңіне құрылтайшы грантын алған. «Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру» Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 82 бұйрығына сәйкес аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушыларға тегін тамақ беріледі.

Жыл сайын әлеуметтік топтардан білім алушылар, оқу үздіктері мен белсенділер Ақтөбе облысы әкімінің гранттар (атаулы стипендия) конкурсына қатысады. Мысалы, 2022-2023 оқу жылында облыс әкімінің атаулы стипендиясына колледждің 4 білім алушы ие болған.

Кәсіптік практиканы ұйымдастыру сапасына қанағаттану мониторингі мақсатында оқу жылының соңында білім алушылар мен жұмыс берушілерге сауалнама жүргізіледі. Сауалнама нәтижелері сауалнамаға қатысқандардың 97%-ы болашақ кәсібіне қажетті практикалық дағдыларды, емдеу-алдын алу мекемелерінің ұжымдарында оң психологиялық ахуалды игергенін көрсетеді.

Студенттердің көпшілігіне (80,3%) тәжірибе кезінде жеткілікті көңіл бөлінеді. Тиімді оқыту критерийі ретінде медицина қызметкерлерінің білім алушыларға мейірімді қарым-қатынасының маңыздылығын респонденттердің 97,9% атап өткен. Студенттердің 95% - ы тәжірибеден өту шарттарына риза.

Барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде колледж Білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуін қамтамасыз етеді. Практиканың барлық түрлерінен өту үшін жұмыс орындарымен қамтамасыз етілу - 100%.

Оқу процесі барлық пәндер бойынша әдебиеттер мен әдістемелік құралдармен қамтылған. Колледж кітапханасының мерзімді басылымдар қоры мамандарды даярлау бейініне сәйкес келетін салалық басылымдармен толық қамтылған.

Еңбек нарығындағы түлектерге жоғары қажеттілікті қамтамасыз ету бағыты бойынша жұмыстар:

- түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде;
- кадрлар даярлау саласындағы ынтымақтастық бойынша келісім шарттар, меморандумдар, медициналық мекемелермен келісім шарттар жасалған;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеуге жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер қатысып, сараптамалары берілген;
- 15 қараша 2022 жылы «Жұмыс беруші күні» жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестермен бірігіп дөңгелек үстелі ұйымдастырылған;
- 2023 жылы қаңтар айында медициналық ұйымдардағы білім алушылардың кәсіби тәжірибесін ұйымдастырушы менторлармен кездесу өткізілген.

Әлеуметтік әріптестікті дамыту бағыты бойынша:

- 28 медициналық мекемелерімен кадрлар даярлау саласындағы ынтымақтастық бойынша келісім шарттар, меморандумдар жасалған;
- клиникалық базаларда тәлімгерлермен (менторлар) ара қатынас күшейтіліп, колледждегі іс-шараларға қатысу жұмыстары жүргізілді;
- жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестермен бірігіп бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылып, түлектерге бос жұмыс орындары ұсынылған.

Әлеуметтік қорғау:

- білім алушыларды әлеуметтік қорғау және оларға көмек көрсету колледждің оқу тәрбие процесін ұйымдастырудағы маңызды бағытын ұстану;
- осы қызметті жүзеге асыру үшін колледждің әлеуметтік педагогы жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, қамқорлықтағы балалардың әлеуметтік құқықтарын қолдау және қорғау жұмыстарын жүргізеді;

- мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына жағдай жасау, олардың қоғамға қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде бейімделуіне жәрдемдеседі;

- білім алушылардың қалыпты және салауатты дамуы үшін жағдай жасау мақсатында колледждің медбикесімен бірлескен жұмыс жүргізіп, топ кураторларымен бірлесіп білім алушылардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексереді;

- қоғамда одан әрі бейімделу мақсатында білім алушылардың өміріне, жеке қасиеттеріне оң көзқарасын қалыптастыру бағыттары бойынша жұмыстары жолға қойылған.

Колледждің әлеуметтік паспорты жыл сайын оқушыларды әлеуметтік тексеру нәтижелері негізінде жасалады.

Колледжде білім алушыларды оқудағы және шығармашылық жетістіктері үшін көтермелеу жүйесі көзделген. Оқуға деген адал көзқарасы, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы, колледждің қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны үшін білім алушыларды ынталандыру тетігі белгіленген. Басқа қалалардан, басқа облыстардан келген студенттер жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Жыл сайын әлеуметтік топтарға жататын білім алушылары, оқу озаттары мен белсенділері Ақтөбе облысы әкімінің гранттар конкурсына (атаулы стипендия) қатысты. 2022 жылы колледждің 4 білім алушысы атаулы стипендияға ие болған.

Білім алушылардың жетістіктері директордың бұйрықтарында белгіленеді, колледждің веб-сайтында, instagram парақшасында орналастырылады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитын және емтихан сессиясын тек «өте жақсы» бағаларына бітірген студенттер үшін жоғары стипендия қарастырылған, олар үстемемен стипендия алады.

2022-2023 оқу жылында 12 білім алушы (жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектер, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балалар) үшін колледж басшылығы оқу ақысына 10%, 50%, 100% мөлшерінде жеңілдіктер берген.

Ұсыныстар:

1) Нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, барлық құжаттарға колледж басшысы қол қоюы;

2) Денсаулық сақтау саласындағы қолданылатын ақпараттық технологиялардың электрондық нұсқаларын көбейту;

3) Номенклатуралық іс қағаздарын жүйелеу керек.

2 СТАНДАРТ МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК

Колледждің әкімшілік менеджменті жалпы ұжымды басқаруға бағытталған.

Басқару процесінде жоспарлау қарастырылған. Колледждің әкімшілігінде колледж басшысы, директордың оқу ісі бойынша орынбасары,

директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, директордың өндірістік оқыту бойынша орынбасары, оқу әдістемелік жұмысы бойынша орынбасарлары штаттық кестеге сәйкес орындалған. Оқу процесін басқару құрамдық бөлім жетекшілерімен бірге жүзеге асырылады. Ұйымдастыру жұмыстары оқытушылар мен білім алушылардың бірқалыпты тиімді жұмыс жасауына, сапалы білім алуына бағытталған.

Колледждегі ресурстармен қамтамасыз ету, стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру, басқару жүйесін жасау, керекті іс қағаздармен жұмыс істеу, оқу орнындағы үйлестіру қызметімен ұштасқан. Білікті мамандарды клиникадан іріктеп алу арқылы оқу процесін жақсартуға жағдай жасалған, мотивациялық іс-әрекет, қызмет көрсету бойынша оқу процесін жандандыру, оларды тиімді еңбекке, мақсатқа жетуге деген ынталандыру жұмыстары жақсы жолға қойылған.

Басқару барысында колледжішілік бақылау, педагогтік әдепті сақтау, құқық бұзушылықты болдырмау, еңбек нәтижесін сапалы сан жағынан бағалау мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асырылған.

Менеджменттік басқару білім алушы мен оқытушының мүддесін көздейтін нақты мақсаттармен кешенді жоспарларында белгіленген.

Техника мен технологияның деңгейін, оқытушы білімі мен біліктілік сапасын және еңбек уәждемелерін кеңінен пайдаланатыны симуляциялық кабинеттер мен арнайы пәндер кабинеттерін жабдықтауда анық көрсетілген.

Әкімшіліктің кабинеті сыртында жеке сұрақтар арқылы қабылдау мерзімдері мен фойеде сенім жәшігі де ілініп тұр. Колледж атмосферасы мен өз ара қарым қатынастары жоғары деңгейде қарастырылған.

Құрамдық бөлімдер қызметінде жоспарлау міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін іс-шараларға әкімшілік тарапынан баса көңіл бөлінген:

- пәндік үйірмелер санын, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын білім алушыларды қамту пайызын өсіру;

- Республикалық және халықаралық басылымдарда білім алушылардың ғылыми жарияланымдарының санын ұлғайту;

- білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дәлелді медицина қағидаттарын енгізу;

- шетелдік әріптестердің қатысуымен оқытудың инновациялық технологияларын енгізу бойынша шебер-класстар өткізу;

- оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту;

- колледж оқытушыларының халықаралық бағдарламаларға, тағылымдамаларға және біліктілікті арттыру курстарына қатысуы;

- педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер санын ұлғайту;

- академиялық Бакалавр дәрежесі бар жоғары мейірбикелік білімі бар оқытушылар санын көбейту;

- ағылшын тілін меңгерген оқытушылар санын арттыру;

- ҚР-да жүргізіліп жатқан мейірбике ісін реформалау бойынша республикалық, халықаралық конференциялар, форумдар жинақтарындағы жарияланымдар, тезистер (мақалалар) санын көбейту.

Педагогикалық ұжым туралы мәліметтер колледждің қызметкерлері мен әкімшілігі туралы мәліметтер ұсынылған колледж сайты арқылы халық үшін қолжетімді <https://bc.edu.kz>, барлық ақпарат [instagram-да bopaykhanym_college](#) парақшасында жарияланады. Басшылықтың қолжетімділігі және барлық кадрлық рәсімдердің ашықтығы колледждің сайты арқылы жүзеге асырылады, онда әкімшілік телефондары, сенім телефоны көрсетілген, ғимаратта шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік бар. Колледж директорының қабылдау уақыты күн сайын 17-00 - ден 18-00-ге дейін көрсетілген.


Ұсыныстар:

- 1) Әкімшіліктің тұлғаларды қабылдау мерзімдері аптаның әр күнінде шахматтық тәртіпте орналасуы;
- 2) Әр кабинет пен зертханаларда, симуляциялық орталықтарда, тест өткізу залдарында өрт сөндіргіштердің санын көбейтіп, техника және өрт қауіпсіздігі нұсқаулары жаңартылуы керек.

3 СТАНДАРТ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Білім беру бағдарламаларын іске асыру, жасақтау колледждің болашақ түлектердің біліктілік шеңберіне сәйкес келетін және еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын кәсіби құзыреттілік негізінде жасалған.

Оқу үдерісін ұйымдастыру және жоспарлау оқу жұмыс жоспарына, оқу үдерісінің кестесіне, оқу сабақтарының кестесіне сәйкес жүзеге асырылып жатқандығы көрсетілген.



Оқу жұмыс жоспарлары (ОЖЖ) білім беру оқу жоспарлары негізінде құрастырылған, оқудың барлық кезеңіне, педагогикалық және әдістемелік кеңестерде қаралған. Оқу әдістемелік кеңестің және Педагогикалық кеңестің жоспарларын колледж директоры бекітеді.

ОЖЖ әзірлеуге жұмыс берушілер белсенді қатысады. ОЖЖ әзірлеу кезінде еңбек нарығындағы өзгерістермен, тілектермен білім алушылар мен



оқытушылардың мүдделері ескеріледі. ОЖЖ оқу пәндерінің толық тізімін қамтиды.


ОЖЖ-да мамандықтың, біліктіліктің коды мен атауы, оқытудың нормативтік мерзімі мен нысаны көрсетілген.

ОЖЖ және ЭПК негізінде білім алушы өзінің жеке жоспарының мазмұнын Болон декларациясының қағидаларына сәйкес ЭПК-де ұсынылған



жалпы тізімнен оқу пәндерін таңдау арқылы қалыптастырады.

Оқу-өндірістік және дипломалды практиканы өткізудің практикалық базасы ретінде базалық медициналық ұйымдар бекітілген, олармен келісім шарттар жасалған: 2021-2022 оқу жылында – 20 келісім шарт, 2022-2023 оқу жылында. – 28 келісім шарт, 2023-2024 оқу жылында – 17 келісім шарт. Аталған медициналық ұйымдарда практикалардың барлық түрлерінен сапалы өту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.



Қазіргі уақытта «ЖШС-да Бопай ханым жоғары медициналық колледж» үш оқу ғимараты бар. Колледждің заңды



мекенжайы А.Иманова 14, онда екі оқу ғимараты орналасқан. Үшінші оқу ғимараты нақты Ағ.Жұбановтар 302 А мекен-жайы бойынша орналасқан.

Теориялық және практикалық сабақтарға арналған 89 оқу кабинеті бар, оның 9-ы жалпы білім беретін, 40-ы арнайы пәндерге арналған, 19-ы оқу кабинеттері. Зертханалар – 5, тестілеу орталықтары (компьютерлік кабинеттер)-3, симуляциялық орталықтар – 2 (тәжірибелік сабақтарға арналған симуляциялық кабинеттер – 11), спорт залдары - 2.




заманауи компьютерлерімен кабинеттер бар. Колледж техникамен жабдықталған: компьютерлер – 150 дана., ноутбуктер – 4 дана., LED экран P2,5 – 1дана, интерактивтіе тақталар – 3 дана., проекторы – 12 дана, сондай-ақ, СКД теледидарлары – 4 дана, MFP принтерлері – 10 принтерлер – 16 дана, сандық бейнекамера – 1 дана, сандық камера - 1 дана, музыкалық аппаратура – 1 дана. 1 тест-орталық (3 компьютерлік кабинет) жұмыс істейді.

Колледжде жаңа буынның жабдықталған компьютерлік келесі заманауи компьютерлік



Инновациялық технологияларды енгізу және оқу үдерісін автоматтандыру мақсатында колледж ЖШС-мен келісім шартқа Автоматтандырылған

«Platonus» отырған. ақпараттық



жүйеге техникалық қолдау қызметтерін көрсетуге «Platonus College» (03.11.2023 жылғы № Д-105 шарт). Оқу құжаттамасын басып шығару және ксерокөшірмелеу үшін колледждің құрылымдық бөлімшелері көшіру-көбейту техникасымен жабдықталған: 26 принтерлермен, оның ішінде 10 ҚФБ (3в1: принтер/ксерокс/сканер). Колледждің бірінші қабатында баспахана орналасқан, онда оқытушыларға тегін басып шығару мүмкіндігі берілді және ксерокөшірмелеу оқу құжаттамасы, басып шығаруға арналған қағаздар да тегін беріледі екен.

Ұсыныстар:

1) Білім бағдарламаларын жұмыс берушілердің заманауи талаптарын ескере отырып, құрастыру;

2) Базалық құзыреттерге салауатты өмір салтын қалыптастыруға, дене қасиетін жетілдіруге, еңбек ұжымында әеуметтенуге, бейімделуге, патриотизм мен азаматтық сезімдерін, ұлттық сана сезімді, парасаттылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін дамытуға, кәсіпкерлік қызмет пен қаржылық сауаттылық дағдыларын игеруге, кәсіби қызметте ақпараттық коммуникациялық және сандық технологияларды қолдануға бағытталып енгізілуі;

3) Сабақ жоспарын ықшамдап, педагогикалық технологияларды көптеп қолдану керек.

4 СТАНДАРТ ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

"Бопай ханым жоғары медициналық колледжі" ЖШС педагогикалық ұжымы білікті педагогикалық кадрлармен жасақталған. Колледждің кадр саясаты стратегиялық мақсаттарға сәйкес келеді және заңнамалық актілерге, біліктілік талаптарына және жұмысқа қабылдаудың ашық процестерін белгілейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылған. Колледж оқытушыларының сандық және сапалық құрамы лицензиялық талаптарға сәйкес.



Нормативтік құжаттамаға сәйкес жыл сайын колледждің оқытушылар құрамының штаты айқындалған. 2023-2024 оқу жылындағы оқытушылар құрамының жалпы саны – 140 адам, оның ішінде 105 (75%) штаттық және 35 (25%) штаттан тыс оқытушылар <https://nabd.iac.kz/>.

Педагогикалық кадрлармен жасақтау

Атауы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Штаттық оқытушылар	79	116	105
Қос қызметтегілер	78	37	35

М емлекеттік тілде сабақ жүргізетін оқытушылар саны-102 (72,8%) адам. 2023-2024 оқу жылында негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын

өндірістік оқыту педагогтарының үлесі даярланатын мамандықтар біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы санынан 75% құрайды.

2023-2024 оқу жылында педагогтердің жалпы санынан «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша академиялық және қолданбалы бакалавр, магистр деңгейі бар медбикелер қатарындағы педагогтердің үлесі 11,4% құрайды.

Академиялық және қолданбалы бакалавр, магистр дәрежесі бар медбикелер қатарындағы педагогтердің үлесі

Есепті жыл	Мейіргер ісінің академиялық бакалавры, саны	Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры, саны	Мейіргер ісі мамандығы бойынша магистрлер, саны
2023-2024	10	4	2

2023-2024 оқу жылында ғылым докторы, PhD философия докторы (бейіні бойынша доктор), ғылым кандидаты, магистр академиялық дәрежесі бар педагогтердің жалпы санынан педагогтердің үлесі 32 адамды (22,8%) құрайды, оның ішінде 1 адам философия ғылымдарының докторы, 1 адам іскерлік әкімшілендіру докторы (DBA) дәрежесіне ие, 9 адам медицина ғылымдарының кандидаты, 21 адам магистр дәрежесіне ие.

Ғылыми / академиялық дәрежесі бар педагогтардың саны

Есепті жыл	Ғылым докторы/ бейін бойынша доктор, саны	Ғылым кандидаттары, саны	Магистрлер, саны
2023-2024	2	9	21

Ұжымның жас құрамын талдау келесі көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді: қазіргі уақытта колледж оқытушыларының орташа жасы 35 жасты, 40 жасқа дейінгі педагог қызметкерлердің орташа жасы – 84 (60%), 41 жастан 55 жасқа дейін - 32 (22,8%), 56 және одан жоғары – 24 (17,1%). Егде жастағы топтардың салыстырмалы саны, жалпы алғанда төмендеп барады.

Жасына байланысты педагогикалық кадрлармен жасақтау

Оқу жылы	барлығы	22-40	41-55	56 және жоғары
2023-2024	140	84	32	24
2022-2023	153	94	30	29
2021-2022	107	63	25	19

Колледжде педагог кадрлардың сапалы құрамын тұрақты жақсарту үрдісі қалыптасқан. Педагог қызметкерлердің 35% - ы-педагогикалық қызмет өтілі 20 жылдан асатын тәжірибелі кадрлар.

Педагог кадрлардың біліктілігі туралы мәліметтер

Есепті жыл	Жоғары санат		Бірінші санат		Екінші санат		Педагог - зерттеуші		Педагог - эксперт		Педагог - модератор	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%
2023-2024	21	20%	3	2,8%	3	2,8%	2	1,9%	3	2,8%	6	5,7%
2022-2023	19	12,4%	3	1,9%	2	1,3%	2	1,3%	1	0,6%	5	3,2%

2021-2022	19	18%	6	5,6%	3	2,8%	2	1,8%	-	-	8	7,4%
-----------	----	-----	---	------	---	------	---	------	---	---	---	------

Оқыту сапасын арттыру, өндіріспен тығыз байланысты қамтамасыз ету үшін оқу процесіне тәжірибе мамандары мен жұмыс берушілер тартылған. Колледжде медициналық мекемелерден оқытушы-практиктерді тарту бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Оқытушылардың 45 % - 5 жылдан астам өндірістік жұмыс өтілі бар, бұл оқытушылардың мамандарды даярлаудың негізгі мәселелерін шешуге жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға ықпал ететін жағдай жасалған.

Еңбек өтілі бойынша педагог кадрлармен жасақталу

Оқу жылы	барлығы	1-10	10-20	20 және жоғары
2023-2024	140	77	13	50
2022-2023	153	85	24	44
2021-2022	107	58	17	32

Кадрларды іріктеу білім беру бағдарламаларының қажеттілігін талдау негізінде жүзеге асырылады. «Білім туралы» ҚР Заңында (27.07.2007 жылғы №319-III) және «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Үкіметтің (30.01.2008 жылғы № 77) қаулысында белгіленген нормативтік көрсеткіштерге сәйкес өзгерістер мен толықтырулармен (№346 от 03.06.2020 жылғы) жыл сайын колледждің педагог қызметкерлерінің штаты айқындалады. Педагог қызметкерлердің саны мен құрамы оқу процесінің қажеттіліктерін, бір штаттық оқытушыға және білім алушылар контингентіне нормативтік оқу жүктемесін негізге ала отырып жоспарлаған.

Жұмысқа қабылдау, жұмыспен қамту орталығына мәлімет беру, БАҚ-тағы жарнама, сайттағы, әлеуметтік желілердегі ақпарат, колледж басшылығының Ақтөбе қаласының халықты жұмыспен қамту орталығының бос орындар жәрмеңкесіне және М. Оспанов атындағы БҚМУ-ға қатысуы арқылы жүзеге асырылған.

Жұмысқа қабылдау:

- 1) қажеттілікті айқындау және бос жұмыс орнын жариялау;
- 2) кандидаттардың түйіндемесі негізінде бастапқы іріктеу;
- 3) әңгімелесу;
- 4) еңбек шартын жасасу сияқты негізгі кезеңдерді қамтиды.

Колледж оқытушылары мен қызметкерлеріне қатысты кадр саясатына сәйкес жұмысқа қабылдау, еңбек шартымен (келісім шартпен), ішкі тәртіп Ережелерімен, құқықтары мен міндеттерімен, қабылдау, ауыстыру кезінде шығарылған бұйрықтармен танысу рәсімі жүзеге асырылады.

Кадр бөлімі жұмысы колледж оқытушылары мен қызметкерлеріне қатысты жұмысқа қабылдау, жоғарылату, көтермелеу, жұмыстан босату, қызметкерлерді лауазымдық нұсқаулықпен, құқықтары мен міндеттерімен таныстыру рәсімін бойынша орындайды.

Қызметкерлердің міндеттері лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес әрекет етеді. Қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері конституциялық құқықтары шектеусіз Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жасалған жеке еңбек шарты негізінде іске асырылады. «Педагог мәртебесі туралы» Заң сақталады, «Ішкі тәртіп ережелері», «Кадр саясаты» және «оқытушының Ар-намыс кодексі» ішкі жергілікті актілері басшылыққа алынады (<https://bc.edu.kz>).

Кандидаттарды жұмысқа іріктеу кезінде базалық білімнің сәйкестігі және практикалық жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Барлық оқытушылар құрамының базалық білімі жалпы білім беру, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша жүзеге асырылатын студенттерді даярлау талаптарына толық сәйкес келеді және колледждің білім беру қызметінің мақсаттарына, міндеттері мен бағыттарына жауап береді.

Іріктеу процесінде негізгі жұмыс орнынан жұмыс өтілі, санаты, сипаттамасы ескеріледі. Оқытушы-практиктерді тарту нәтижесінде білім беру нәтижелері мен студенттердің болашақ мамандығына танымдық қызығушылығы артқан.

Колледжде кадрларды іріктеу білім беру бағдарламаларының қажеттіліктерін талдау негізінде жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша бос лауазымдарға орналасуға конкурс жарияланады. Ол үшін ҚР БҒМ бекіткен Үлгілік қағидаларға сәйкес педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес оқытушыларды жұмысқа қабылдау және персоналмен жұмыс істеу жүйесі әзірленіп, бекітілген. https://bc.edu.kz/ru/assets/images/photo/pravila/kvalifikazionnyie-harakteristiki-dolzhnostei-rabotnikov_rus.pdf


Жыл сайын педагог қызметкерлер мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру қажеттілігіне талдау жүргізіледі. Барлық оқытушылар соңғы 3 жылда көлемі кемінде 72 сағат ұйымдарда бейіні бойынша педагогикалық қайта даярлаудан және тағылымдамадан өткен.

Колледж басшылығы 2021 жылғы желтоқсанда біліктілікті арттыру курстарында білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша даярлықтан өткен: колледж директоры М. С. Нұрмағанбетова, оқу-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Г. К. Алпамысова «Білім берудегі Менеджмент» тақырыбында, Алпамысова Г. К., Сейтенов Е. А., Истлеуова А. Ж. 2021 жылғы 13-15 желтоқсан аралығында «Білім беру мекемесінің сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және енгізу» вебинарында оқудан өткен. «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ Батыс Қазақстан филиалында директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Е. Қаршығина және оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы Г. М. Конакова 15.11-28.11.2022 жылы (80 сағат) Астана қаласында «Білім берудегі Менеджмент» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курстарында білімдерін жетілдірген, 2024 жылы колледж басшылығы Жұбанова Ж. Т., Өмірзақова М. О., Бейжігітова Ж. М., Маханбетова А. М., Өмірзақ Р. О., Сағындықова Л. С., Агатаева Т.Б. Ақтөбе

қаласындағы Баишев университетінің Біліктілікті арттыру институтында «Білім берудегі Менеджмент» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курстарында оқыған.

Оқытушылар Алматы, Астана және Ақтөбе қалаларының университеттер базаларында білім беру және клиникалық бағыттар бойынша өткізілетін біліктілікті арттыру циклдарында біліктілігін арттырады, «Өрлеу БАҰО» АҚ-да өнімді медициналық ұйымдарында өндірістік тағылымдамадан өткен. 2023-2024 оқу жылында 57 (40,7%) колледж оқытушылары біліктілікті арттыру курстарында білімдерін жетілдірген.

Колледж басшылығы жыл сайын «Өрлеу БАҰО» АҚ және Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы ұйымдастыратын білім беру ұйымдарының басшыларына арналған әдістемелік семинарлар мен тренингтерге қатысып тұрады. Мысалы, колледж директоры М.С. Нұрмағанбетова 2022 жылдың ақпан айында «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығында «Ақтөбе облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» «Білім беру ұйымдарында татуласу (Медиация) қызметінің тәжірибесін насихаттау және дамыту технологиясы» тақырыбында семинарға қатысқан.



3 жыл ішінде оқытушылардың жалпы санынан арттыру курстарынан өткен оқытушылардың үлесі

Педагог қызметкерлер мен қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру жүйесін оңтайландыру үшін колледж кәсіби дамудың жеке бағдарламаларын іске асыруға жан-жақты көмек көрсету, кадр резервін дамытуды қолдауды жүзеге асыру, неғұрлым белсенді және талантты қызметкерлерді басшылық позицияларға ұсыну бағыттарын ұстанады. Мысалы, жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасы Д. А. Қуанышбаев директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына ұсынылған.

Колледжде оқытушылар құрамының кәсіби қажеттіліктерін анықтауға және дамытуға ықпал ететін педагогикалық қызметкерлердің қызметін жүйелі бағалаудың тетіктері мен рәсімдері, педагогикалық қызметкерлерді ынталандыру жүйелері бар. Жыл сайын оқу жылының соңында «Колледж оқытушыларының қызметін рейтингтік бағалау» ережесіне сәйкес колледж оқытушыларының қызметін бағалау рейтингі өткізіледі, оның мақсаты:

- жалпы колледж имиджін арттыруға бағытталған оқытушылардың кәсіби және әлеуметтік маңызды қызметінің барлық түрлерін жандандыру және ынталандыру;

- білім беру қызметтерінің сапасын арттыру, тұтынушылардың қанағаттанушылығын арттыру. Рейтингіті қолдану әрбір қызметкердің жалпы колледж қызметінің нәтижелеріне қосқан үлесін анықтайды.

Колледжде оқытушылардың жұмысы үшін қолайлы жағдайлар жасалған, жұмыс уақыты режимін сақтай отырып, бес күндік жұмыс аптасымен жұмыс істейді, ПЦҚ кабинеттері бар, жұмыс орындарын компьютерлендіру жүзеге асырылады, асхана, тренажер залы мен бассейн бар. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу бірыңғай тариф негізінде жүзеге асырылады.

Оқытушыларды және зейнеткерлік жасқа жеткен ұстаздарды, мерейтойларды, моральдық және материалдық ынталандыру шарттары жоспарланған. Жыл сайын кәсіби қызметте жетістікке жеткен үздік қызметкерлер алғыс хаттармен, құрмет грамоталарымен, ақшалай сыйлықтармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Оқытушылардың жетістіктері

Атауы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Құрмет грамоталары	12	14	5
Грамоталар	1	-	-
Алғыс хаттар	30	28	101
Медальдар, төс белгілер	2	6	4

Қол жеткізілген нәтижелер мен марапаттар педагогикалық шеберлікті арттыру бойынша жұмыс, ынталандыру жүйесі өте тиімді жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін бағалау «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» (ҚР БҒМ 27.01.2016 жылғы № 83 бұйрығы) сәйкес штаттық оқытушылардың бес жылда 1 рет мерзімді аттестаттаудан өту жолымен жүргізіледі. Аттестаттау комиссияларының хаттамалары жүргізіледі, біліктілік санаттарын беру туралы бұйрықтар уақытылы шығарылады.

Оқытушылардың құзыреттілігін жүйелі бағалау, оқыту сапасының тиімділігін бағалау: ішкі бағалау – ашық оқу сабақтары, сабақтарға өзара қатысу, ПОҚ рейтингінің нәтижелері, көрсетілетін қызметтердің сапасы және оқытушылардың құзыреттілік деңгейі туралы білім алушылардың пікірін анықтау, «оқытушы студенттердің көзімен» тұрақты сауалнама жүргізу, әріптестердің қызметін бағалау және сыртқы бағалау (жұмыс берушілердің сауалнамасы) туралы ПОҚ сауалнамасы және «Үздік әдістемелік жоба», «Жас маман», «Жыл үздігі» конкурстары арқылы іске асырылады.

Сауалнама нәтижелері білім алушылардың 95% - ы оқыту сапасына қанағаттанғанын, негізгі мәселелер бойынша 100% оқытушылардың 93% - ы қанағаттанғанын, тек 7% - ы ғана жалақы мен еңбек жағдайларына қанағаттанбағанын көрсеткен.

Оқытушылардың құзыреттілігін бағалау критерийлеріне әртүрлі кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу көрсеткіштері жатады.

«Емдеу ісі» мамандығының студенті Сырым А. 2023 жылы «Жас барыс» республикалық турнирінде ІІІ жүлделі орынға ие болды.

Құқықтық ағарту және тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында колледждің ата – аналары мен білім алушылары үшін Ақтөбе облысының прокуратура органдарының өкілдерімен, Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрағасымен, медиаторлармен, ювеналды полиция инспекторларымен «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу», «Туристтік зорлықтың-зомбылықтың болуы», «Құқық» тақырыптарында кездесулер өткізіледі. «Сауаттылық-заман талабы», "Жасөспірім және оны қоршаған қоғам», «Жыныстық қол сұғылмаушылық саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу», «Менің әлемімде зорлық - зомбылыққа жол жоқ», «Адам құқығын қорғау, бала құқығын қорғаудан бастау», «Бала құқықтары туралы» заңдарды білуге сауалнама жүргізілген.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында жыл сайын колледждің жатақханасы мен оқу корпустарында «Аңсар» ақпараттық-талдау орталығының теологтарының қатысуымен «Діни сауаттылық», «Зайырлылық

қоғамының кепілі», «Дін және жастар», «Жастар ісі», «Діни ағымдардан қорғау», «Оқуға арналған әдебиеттер» және т.б. тақырыптарда дәрістер, әңгімелер, семинар-тренингтер өткізіледі.

Білім алушылар мен педагогтардың қатысуымен Құқық қорғау органдарының қызметкерлері бірлесіп «Террористің сыртқы белгілері», «Қолдан жасалған жарылғыш құрылғы қалай көрінеді», «Егер колледжде оқ атылса не істеу керек», «Түрлі жарақаттар кезіндегі алғашқы медициналық көмек шаралары», «Адамның психологиялық портреті», «Экстремистік ұйымдардың қаупі», «Террористер мен экстремистер жасөспірімдер мен жастарды өздерінің қылмыстық мақсаттары үшін қалай пайдалана алады», «Жарылғыш заттарды тану және жарылыс қаупі бар мінез-құлық ережелері», «Террористік акт жасау қаупі бар кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ету», терроризмге қарсы дайындық тақырыптары бойынша іс-шаралар өткізілген.

Білім беру сапасы жүйесінің негізгі компоненттерінің бірі білім алушыларды колледжді басқаруға тарту (студенттік өзін-өзі басқару), Жастар ісі жөніндегі комитет білім алушылармен жұмыс істеудің және оларды білім беру процесінің сапасын бағалау жөніндегі жұмысқа тартудың ұйымдастырушы буыны болғандықтан, білім алушыларды, әлеуметтік қолдау тәрбие жұмыстары, спорт секциялары, медициналық пункт, студенттер театры, жастар бірлестіктері және студенттер клубтары қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Әрбір білім алушы оқытудың барлық кезеңі ішінде ақпараттық білім беру ресурстарына жеке шектеусіз қол жеткізумен қамтамасыз етілген:

- колледждің ресми сайты (<https://bc.edu.kz>);
- ғылыми кітапхана;
- электрондық кітапхана;
- қашықтықтан оқыту жүйесі.

Колледжде 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап «Ашық жүрек» еріктілер клубы жұмыс істейді. Жыл сайын «Ашық жүрек» еріктілер клубы Ақтөбе қаласының қарттар үйінде Қарттар күніне арналған концерт ұйымдастырады. Волонтерлік клуб студенттерінің күш-жігерімен «Ашық жүрек» қайырымдылық концерті және «Тәтті жұма» аспаздық бұйымдар жәрмеңкесі өткізілген. Барлық түскен қаражат Ақтөбе қаласының тұрғыны М. М. Мейрамбекке емделуге берілген.

Сонымен қатар, «Күз ханзадасы мен ханшайымы-2023» маскарады, «Жүректен жүрекке», «Жомарт жүрек», «Біз біргеміз» акциялары өткізіліп тұрады. Түскен қаражат аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерге, мүгедек балаларға көмекке бағытталған. Еріктілер клубы корпоративтік мәдениетті қалыптастыру, еңбекке баулу мақсатында «Бауырсақ партиясы» ұйымдастырылып, онда студенттердің өздері дайындаған аспаздық бұйымдар сатылып әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына көмек көрсетілген.

Алғыс айту күні Еріктілер клубының мүшелері «Үміт» балалар үйінде болып, балаларға арналған концерт ұйымдастырып, сыйлықтар мен тәттілер сыйлаған.

«Наурыз мейрамы» мерекесіне колледжде мерекелік концерт ұйымдастырылып, оған көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары, мүмкіндігі шектеулі балалар шақырылған. Наурыз айында студенттер Ақтөбе қаласының қарттар үйінде болып, «Таза бейсенбі» акциясына қатысып, қарды тазартуға көмектескен. Қасиетті Рамазан айында еріктілер клубы студенттерінің күшімен қала тұрғындарына ауызашарға сыйлық пакеттері таратылған.

Еріктілер клубы студенттерінің күшімен қаламыздың мұқтаж 12 отбасына және колледж студенттеріне көмек көрсетіліп, еріктілер тобы «Ана үйі» тұрғындарына «Ана мен бала бақытының бастауы» атты концерт ұйымдастырып берген.

Облыстық форумда «Volunteer.kz» облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. «Біз біргеміз» челленджін қолдау мақсатында еріктілер Ақтөбе қаласындағы қарттар мен мүгедектер үйінде қарды тазартып, ТЖ режимі кезінде ата-аналар мен педагогикалық жұртшылықтың көмегімен мұқтаж отбасыларға, жетім балаларға азық-түлік пакеттері мен киімдерін жинап, жеткізіп берген, Ақтөбе облысында су тасқыны кезінде зардап шеккендерге гуманитарлық көмек көрсетілген.



«Абзал жандар» клубы (жетекшісі Н.И.Есенғазы) «Жедел медициналық жәрдем ауруханасы» хосписінің науқастарына ерікті көмек көрсетеді, ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың «Қоғамдық келісім» тақырыбында мамандар Т. Сапаров пен медиатор Е. Азиевтің қатысуымен «Жолдау – өркендеу өрісі, келісім кепілі» Жолдауын түсіндіру бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырып, с. Байшев атындағы Ақтөбе университетінің доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Ғ. Мусиров, жазушы Н. Калауов, этномәдени бірлестік мүшелерінің қатысуымен «Біз біргеміз! Берік біздің ісіміз! Берекелі бірлік!» Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған табиғи ресурстарды қорғау бойынша дөңгелек үстел өткізген.

«Ел мұрасы» патриоттық клубы Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың облыстық мемориалдық мұражайымен бірлесе отырып, «Жыр маржаны – Фариза», «Еңбек елінің даңқты өнері», «Соғып тұр мерген қызының жүрегі әлі» және т. б. іс-шараларды өткізіліп тұрады.

Колледжде білім алушыларды оқудағы жетістіктері мен шығармашылық қызметі үшін көтермелеу жүйесі қарастырылған. Оқуға деген адал қарым-қатынасы, өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысы, колледждің қоғамдық өміріне белсенді қатысуы үшін ынталандыру тетігі белгіленген. «Ішкі тәртіп ережелеріне» сәйкес материалдық ынталандыруға оқу ақысына жеңілдіктер, грамоталар, қоғамдық тану, ақшалай ынталандыру, құрылтайшының гранты жатады. Білім алушылардың жетістіктері директордың бұйрықтарында атап өтіледі, колледждің [веб-сайтында](#), [Instagram](#)-да орналастырылады.

2023-2024 оқу жылында колледжде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысын бастады. Орталықта педагогикалық мәдениетті, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамыту үшін ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналармен тұрақты кездесулер, балалармен қарым-қатынастардағы жанжалдарды, оқу тәртібін бұзумен байланысты проблемалық жағдайларды шешу мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру және т. б. колледж психологы психологиялық қолдау мәселелері бойынша тренингтер, ата-аналармен әңгімелер өткізеді. Студенттердің «Ұлағат» әкелер клубының мүшелерімен кездесулері үнемі өткізіліп тұрады.

Колледжде жылына 2 рет жалпы колледждік ата-аналар жиналысы өткізіледі, онда директор, директордың орынбасарлары, бөлім меңгерушілері және ата-аналар комитеті қатысады. Білім алушылардың ата-аналары ата-аналар комитетінің, педагогикалық кеңестің, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының, «Ұлағат» әкелер клубының, «Сырғалым» әйелдер клубының жұмысына белсенді араласып, колледжде өткізілетін мәдени іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысады. Ең белсенді ата-аналарды, дарынды білім алушылардың ата-аналарын жыл сайын алғыс хаттармен марапаттауға ұсынылады және «8 наурыз Халықаралық әйелдер күні», «Наурыз мейрамы» және т. б. іс-шараларға шақырылады.

Жыл сайын алғыс айту күніне орай оқуда, шығармашылықта, спортта және т. б. ерекшеленген студенттердің ата-аналарын марапаттау үшін шақырылып колледж белсенділерінің концерті өткізіледі.

Колледжде Дарынды білім алушыларды қолдау жүйесі жұмыс істейді:

- 1) Ақтөбе облысы әкімінің атаулы стипендиясына ұсыну;
- 2) үздік білім алушыларды марапаттау және көтермелеу (ақшалай сыйлықтар, бағалы сыйлықтар, Астана қаласында демалуға жолдамалар);
- 3) Ақтөбе облысы және Ақтөбе қаласы әкімінің, Жастар ресурстық орталығының алғыс хаттарымен марапаттауға ұсыну мәселелері қарастырылған.

2023-2024 оқу жылында колледждің 14 оқушысы Ақтөбе облысы әкімінің атаулы стипендиясына ие болды, 2022-2023 оқу жылында – 4 адам, 2021-2022 оқу жылында – 14 адам.

Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес 2023-2024 оқу жылында төмендегі іс-шаралар өткізілген:

- жатақханада тұратын студенттер үшін құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары;

- жатақханада тұратын студенттер үшін ерте жүктіліктің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары;

- «Жастардың діни тәрбиесіне әлеуметтік желілердің теріс әсері» тақырыбында Дін істері басқармасының мамандарымен кездесу;

- «Менің үйімдегі кітап» байқауы, «Оқу колледжі» бағдарламасы аясындағы кітап көрмесі;

- «Менің қалам, сенің атыңда не бар?»;

- студенттердің облыстық жастар ресурстық орталығының мамандарымен кездесуі;
 - «Талапкер-2024» кәсіптік бағдар беру жұмысы тобының жиналысы;
 - бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы мен «Ұлағат» әкелер клубы «Жақсы ата-аналардың қолындағы балалар» челленджін ұйымдастырды;
 - әр жұма сайын «Ұлттық киім» республикалық жобасы аясындағы акция;
 - концерт, «Алғыс айту күні» қайырымдылық акциясы;
 - кәмелетке толмаған студенттер арасында құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу мәселелері бойынша ішкі істер органдарының өкілдерімен кездесу;
 - 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған «Әлем сенімен әдемі» концерті;
 - оқу орнында білім алушылардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша кураторлық сағаттар;
 - «Бата-тәрбие бастауы» облыстық байқауы;
 - колледж жатақханасында «Шаңырақ күні»;
 - «Ұлттық киім күні»;
 - «Ұлттық спорт күні»;
 - «Наурыз мейрамы» мерекесіне арналған концерт, ұлттық дәстүрлер байқауы;
 - Ақтөбе облысында су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек;
 - студенттердің облыс кәсіпкерлерімен кездесуі;
 - студенттердің облыстық денсаулық сақтау басқармасы ұйымдастырған «Денсаулық күні» акциясына қатысуы;
 - студенттердің Көкшетау қаласындағы республикалық пікірсайыс турниріне қатысуы.
- Колледж білім алушылары түрлі ғылыми іс-шараларға, конкурстар мен олимпиадаларға белсенді қатысады.

Студенттердің ғылыми іс-шараларға, конкурстар мен олимпиадаларға қатысуы

Денгейі	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Облыстық	11	6	10
Аймақтық	-	1	2
Республикалық	56	9	16
Халықаралық	8	8	4

Колледж студенттері жыл сайын «WorldSkills» кәсіби шеберлік чемпионатының облыстық кезеңдеріне қатысады. Оқытушылар А. Ж. Мұратбаев пен Л. Ермекова Ақтөбе облысының «WorldSkillsKazakhstan – 2022» өңірлік кәсіби шеберлік чемпионатын өткізу шеңберінде сарапшы ретінде оқыған.

Жұмыс берушілер «WorldSkills» чемпионатына қатысушыларды даярлауға белсенді қатысып Облыстық жедел және шұғыл медициналық

көмек станциясының бас фельдшері Б. Б. Саринамен бірлесіп, чемпионатқа «Емдеу ісі» және «Мейіргер ісі» мамандықтарының студенттері Назира Қайыржанова, Бекболат Сатыбаев, Айзада Хусайнова және Назира Бақытжан дайындалды.

2023 жылы «WorldSkillsKazakhstan – 2023» облыстық чемпионатында колледж студенттері III жүлделі орынға ие болды: Наурызбай Еремай («Мейіргер ісі», жетекшісі Камшыбекова Н.Ә.), Сатыбаев Бекболат және Қайыржанова Назира («Емдеу ісі»), Мұрат Дәмелі және Терек Перизат («Фармация»).

2022 жылы «Медициналық және әлеуметтік күтім» құзыреттілігі бойынша «WorldSkillsKazakhstan – 2022» облыстық чемпионатына «Мейірбике ісі» мамандығының студенттері Өтепбергенова Анаргүл және Сейтмұратова Куртка қатысты. Қатысу қорытындысы бойынша студенттер III жүлделі орынға ие болған.

«Мейіргер ісі» мамандығының студенті Балымбетов Қуаныш – «WorldSkills – 2021» кәсіби шеберлік чемпионатының жүлдегері болған.

Студенттердің WorldSkills чемпионатына қатысуы

Мамандық атауы	2021-2022		2022-2023	
	қатысушылар саны	жетістік	қатысушылар саны	жетістік
Мейіргер ісі	1	3 орын	1	3 орын
Емдеу ісі	-	-	2	
Фармация	-	-	2	

Студенттік құрылыс жасақтары мен «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының XVII жұмыс маусымының қорытындысы бойынша колледж «Үздік арнайы оқу орны» номинациясымен марапатталған.

«Zhas Star» Қалалық студенттер фестивалінде колледж студенттерінің командасы III орынды иеленді. «Мейіргер ісі» мамандығының 1 курс студенті С.В. Гигуль Қазақстан халықтары Ассамблеясының Алғыс хатымен марапатталған.

Ақтау қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті ұйымдастырған күрестен жарыста студенттер А.А. Әлібеков, М. А. Прмагамбетов III орынды иеленген.

Волейболдан «Елі бар да Әлі ұмытылмайды» атты дәстүрлі облыстық жарыста колледж командасы I орынды, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған жарыста колледждің волейбол командасы II орынды, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Күні қарсаңында ұйымдастырылған Қазақстанның ашық турнирінде колледждің әйелдер волейбол командасы III орынды, «Емдеу ісі» мамандығының 1 курс студенті Мұратқалиева Ақбота тоғызқұмалақтан өңірлік чемпионатта II орынды, «Мейіргер ісі» және «Емдеу ісі» мамандықтарының 1 курс студенттері Мұратқалиева Ақбота, Жақсылықова Гүлдана, Мамышева Даяна техникалық

және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында ұлттық студенттер лигасында тоғызқұмалаққа командалық I орын иеленген.

Ж.Е. Естурин, Д. Т. Мамышева және А. С. Мұратқалиевадан құралған колледж студенттерінің командасы оқытушы Р.Х.Танатаровтың жетекшілігімен 2022 жылдың мамыр айында Астана қаласында тоғызқұмалақтан Республикалық студенттер лигасына қатысқан.

Колледждің студенттік ғылыми қоғамы (СНО) белсенді жұмыс істейтін 10 студенттік ғылыми үйірмені (СНК) қамтиды. ХКК құрамындағы студенттер халықаралық және облыстық ғылыми конференциялар мен конкурстардың жұмысына қатысады.

Жыл сайын колледжде Батыс Қазақстан медицина университетінің оқытушыларымен бірге М. Оспанова, Ақтөбе жоғары медициналық колледжі, М. Мәметова атындағы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының ғылыми конференциялары мен конкурстарын, М. Оспанов атындағы БҚМУ мұражайына экскурсиялар ұйымдастырады. Сонымен қатар, колледж студенттері жыл сайын «БҚМУ-дағы Студенттік көктем» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысады.

2023-2024 оқу жылында колледждің 32 студенті халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі түрлі конференциялардың, конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған.

2021-2022 оқу жылында колледждің 59 студенті, олардың 15 – і халықаралық деңгейде, 30 – ы республикалық және 14 – і облыстық деңгейде конференциялардың, конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атағына ие болған.

2021-2022 оқу жылында Мұқағали Мақатаевтың мерейтойына арналған «Жазылар естеліктер мен тұралы» халықаралық шығармашылық байқауына «Мейіргер ісі» және «Емдеу ісі» мамандықтарының 30 студенті қатысып, конкурстың грамоталарымен және сертификаттарымен марапатталыпты.

2021 жылғы желтоқсанда Нұр-сұлтан қаласында өткен «Гиппократ» республикалық олимпиадасына 134 колледж студенті қатысты. Қатысу қорытындысы бойынша колледждің 22 студенті жүлделі орындарға ие болды, оның ішінде 17 студент III дәрежелі дипломдармен, 5 студент II дәрежелі дипломдармен, 32 студент мақтау қағаздарымен, 80 студент қатысу сертификаттарымен марапатталды. 32 ғылыми жетекші алғыс хаттармен марапатталған.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Елдің мақтанышы» халықаралық байқауына қатысу қорытындысы бойынша тыныштық Арсен колледжінің студенті II дәрежелі дипломына ие болған.

Студенттер мен оқытушылардың барлық жетістіктері колледж сайтында, әлеуметтік instagram желілерінде жарияланады. Жыл сайын алғыс айту күніне орай оқуда, шығармашылықта, спортта және т. б. ерекшеленген студенттердің ата-аналарын марапаттау үшін шақырумен колледж белсенділерінің концертін өткізу дәстүрге айналған.

Колледж басшылығы оқу жағдайларын жақсарту, білім алушыларды әлеуметтік қолдау бойынша жоспарлы жұмыс жүргізеді. Қиындықтарды шешу үшін және бірінші курс студенттерінің колледж өміріне бейімделу жағдайын анықтау үшін топ кураторлары, бөлім меңгерушілері, сонымен қатар психолог үлкен жұмыс атқарады.

Психолог өз жұмысында бірінші курс студенттерінің сәтті бейімделуіне жағдай жасау, бірінші курс студенттеріне ұжымды біріктіруге арналған тренингтер өткізу, жеке қасиеттерін көрсету, білім беру процесін ұйымдастыру бойынша психологиялық кеңес беру міндеттерін орындайды.

Топ оқытушылары мен кураторларына психологиялық қолдау студенттермен немесе әріптестермен қарым-қатынастағы қиындықтар немесе қақтығыстар, өзін-өзі дамыту және кәсіби жетілдіру мәселелері, студенттердің танымдық мотивациясын құру және қолдау, әлеуметтік-психологиялық климаттың ерекшеліктерін, студенттік топтардағы қарым-қатынастардың ерекшеліктерін зерттеу: студенттердің кураторлық жұмысқа деген үміттері мен түсініктерін анықтау, студенттердің колледжде оқуға бейімделуін зерттеу (бірінші курс студенттері үшін), студенттерді оқу студенттерді оқуға ынталандыру, психология мәселелері бойынша кураторлық сағаттарды ұйымдастыру және өткізу, психология мәселелері бойынша тренингтік сабақтарды, дәрістер мен семинарларды ұйымдастыру және өткізу мәселелерді шешу бойынша жеке және топтық консультациялар түрінде жүргізіледі.

Оқытушылар, студенттер, колледж қызметкерлері үшін оқу сипатындағы проблемалар (бейімделу, әріптестермен, студенттермен жанжалды жағдайлар), кәсіби қызмет мәселелері, проблемалық жағдайлар (қалада тұру жағдайларына бейімделу қиындықтары бар студенттерге, колледжде оқуға, тәртіптік бұзушылықтар жасаған студенттерге кеңес беру және т. б.), өзін-өзі дамыту мәселелері, қарым-қатынас проблемалары, стресс, депрессиялық күйлер, отбасылық жағдайлар проблемалар (ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәселелері), темекі шегуге тәуелділік және т. б. мәселелерді шешуге көмектесуге бағытталған жеке кеңестер өткізіледі.

Ата-аналарға шешім қабылдау бойынша балаларымен қарым-қатынастағы қақтығыстар, оқу тәртібін бұзумен байланысты проблемалық жағдайлар және т. б. кеңестер беріледі.

Білім алушыларды әлеуметтік қорғау және оларға көмек көрсету колледждің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы маңызды бағыт болып табылады.

Ұсыныстар:

1) Пәндік үйірмелер санын, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын білім алушыларды қамту пайызын ұлғайту;

2) Өзін-өзі дамыту процесін жүзеге асыру, жобаларға, қозғалыстарға, олимпиадаларға, сайыстарға қатысушы білім алушылардың үлесін ұлғайту;

3) Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуын белсендіру бойынша жұмысты жалғастыру және республикалық, халықаралық басылымдарда білім алушылардың ғылыми жарияланымдарының санын ұлғайту керек.

7 Стандарт Қаржы

ЖШС «Бопай ханым жоғары медициналық колледжі» өз қаржысын индикаторларға сүйене отырып, шаруашылық қызметті «Стратегиялық даму жоспары колледждің 2022-2025 жылдарға арналған» нормативтік талаптармен жоспарлайды.

Қаржылық қызмет қолданыстағы ҚР заңнамаларымен және бухгалтерия бөлімі туралы ережемен, колледжге қолдау көрсету үшін қаржылық ресурстарды пайдалануды іске асыру саясаттар мен стратегиялары бойынша жүзеге асырылады. Колледждің қаржылық қызметінің табыстылығын қамтамасыз ету жоспарында қаржыландырудың жергілікті бюджет және колледждің меншікті қаражаты көздері пайдаланылады. Осы бағыттағы негізгі міндеттер: қаржы көлемінің басым бөлігі материалдық базаны дамытуды қаржыландыруға, аудиториялық қорды жөндеуді қаржыландыруға, оқу ғимаратындағы қоршаған ортаны жалпы эстетикалық жақсарту және қаржыландыруға, оқу тәрбие процесін ұйымдастыруға жұмсалатын шығындарды есептеп, көмек көрсетіледі.

Колледж ағымдағы жоспарлауды және қаржылық ресурстарды бөлуді колледждің миссиясы негізінде жүзеге асырады. Қабылданатын қаржылық шешімдердің кешенді сипаты: әрбір құрылымдық бөлімшеден бастап жыл сайын қалыптастырылатын және түзетілетін колледждің даму жоспары түріндегі ағымдағы жоспарлауды бас директор мен колледж директоры бекітеді.

Колледждің даму жоспарын жоспарлау Қазақстан Республикасының 28.02.2007 жылғы №234-III «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңы, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ШОБ үшін ҚЕХС), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 31.03.2015 жылғы №241 бұйрығымен бекітілген Бухгалтерлік есеп ережелері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысы «Жекелеген тұлғаларға мемлекеттік стипендияларды төлеуді бекіту туралы білім алушылардың санаттары бойынша білім беру ұйымдарында», 28.02.2012 жылғы жағдай бойынша толықтырулар мен өзгерістермен, Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырысты реттейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 27.07.2007 жылғы №319-III Заңы және т.б. заңнамалық актілерге негізделген.

Колледж бюджетін қалыптастыру миссияны және мақсатты орындауға арналған және жаңартуға, кеңейтуге және қолдауға бағытталған колледждің материалдық-техникалық жалақы қорын көбейтуге арналған қаржы

ресурстары мемлекеттік және коммерциялық қаржы көзі болып табылады. Колледждің дербес балансы бар, меншіктік есептік нысан «АҚ-дағы шотFortebank».

Колледждің бюджеті қаржы ресурстарын тиімді пайдалану және даму стратегиясын іске асыру үшін бекітілген. Қаржы ресурстарын бөлу және материалдық құндылықтарды қалыптастыру колледждің стратегиялық даму жоспарымен, көзделген жоспарда колледж жұмысының экономикалық тиімділігін арттыруға және қажетті қаржылық және материалдық ресурстармен қамтамасыз етуге бағыттталып жүзеге асырылады. Колледжде материалдық және қаржылық активтерді толықтыруға бөлінетін қаражаттың жыл сайынғы өсімі байқалады, сапалы білім алу үшін жағдайларды қамтамасыз еткен. Қаржылық түсімдердің жалпы көлемінде білім беру қызметтерінен түсетін түсімдер ең көп үлесті құрайды – 99%. Колледждің ақылы білім беру қызметтерінен түсетін табысы орта есеппен барлық табыстың 33%-ын құрайды. 2020 жылдан бергі кезең үшін 21 201 бойынша 3 және бір жылдағы табыс 1,37 есеге өскен. Колледждің қаржылық жағдайының маңызды көрсеткіші оның активтерінің көлемі болып табылады.

Колледж активтері

Көрсеткіштер /мың.теңге/	2021	2022	2023
Ақшалай қаражат	7966	9972	6273
Қорлар	37906	50066	55006
Негізгі құралдар	244146	182112	219148
Материалдық емес активтер	2645	3533	1609

Колледж инфрақұрылымын жұмыс жағдайында қамтамасыз ету және қолдау білім беру үдерісінің сапасына, инновациялық қызметке және олардың нәтижелеріне әсер ететін білім беру сапасы саласындағы саясаттың негізгі міндеттерінің бірі. Жыл сайын колледж материалдық базаны жаңартуға, кеңейтуге қаражат бөледі. Колледждің дамуына, компьютерлерді сатып алуға және ұйымдастыруға, оқу кабинеттеріне арналған жабдықтарға, бағдарламалық қамтамасыз ету және оған қажетті техникалық жабдықтарға қаржы жоспарға сәйкес бөлінеді.

Көлем және қаржыландыру көздері

Көрсеткіштер /мың.теңге/	2021	2022	2023
Қаржыландыру мемлекетжылырес тапсырыстың	45496	29071	97305
Арналған оқыту бойынша кірістер ақылы негізде	342264	491155	578673
Негізгі емес қызметтен түсетін кірістер	1301	121	9382
Бір жыл ішінде барлығы	389061	520347	685360

2021-2023 жылдардағы ақша қаражатының қозғалысы

Шығыстардың атауы (мың.теңге)	2021	2022	2023
Негізгі жалақы	221989	292583	433189
Мемлекеттік қорға жарналар /әлеуметтік.налог.әлеуметтік есеп/	22859	30905	45516
Коммуналдық қызметтерді төлеу	7996	9646	8600
Материалдарды сатып алу	3784	50389	43791
Ғимараттың үй-жайларын күтіп- ұстау және ағымдағы жөндеу және өзге де қызметтер	11498	13731	17821
Күрделі шығыстар (күрделі жөндеу)			68520
Өзге де шығыстар /стипендия, тамақтану, жол жүру ақысы, киім-кешек/	18418	16297	41770
Барлығы	286544	413551	659207

Кірістер мен шығыстардың көрсеткіштері

Көрсеткіштер /мың.теңге/	2021	2022	2023
кірістер	389061	520347	685360
шығыстар	399720	478757	665295
қаржылық қорытындылар	-10659	41590	20065

Қаржыландырудың жыл сайынғы өсімі, қаржы саясатының, шығындардың, активтердің тиімділігін көрсетеді. Колледждің күрделі жөндеуін жүргізуге арналған қаражат 2023 жылғы есебінен 68520,0 мың.теңге, оқу ғимаратының ағымдағы жөндеу қызметтеріне 17821,0 мың теңге сатып алынған материалдарға 43791,0 мың теңге бөлінген.

Еңбекке ақы төлеу колледждің бекітілген еңбекақы қоры шегінде жүзеге асырылады. Лауазымдық жалақылардың, қызметкерлердің жалақыларының мөлшері штат кестесіне (тарифтік тізімге) сәйкес белгіленеді. Колледждің штаттық кестесі мен тарифтік тізімін бас директор бекітеді және қызметкерлердің барлық лауазымдарын қамтиды. Колледж қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, қызметкерлердің жұмыс уақыты мен тынысының уақытын реттеу тәртібі «Ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен» бекітілген. Колледж қызметкерлері, бөгде ұйымдардың қызметкерлері бос лауазымдарға толық емес жұмыс күні бойынша қабылданады. Толық емес жұмыс күнімен, жұмыс істейтін қызметкерлерге еңбекақы төлеу күнтізбелік кезеңдегі нақты жұмыс істеген уақытына пропорционалды түрде немесе орындалған жұмыс көлеміне байланысты жүзеге асырылады. Ынталандырушы сипаттағы төлемдерге қызметкерді еңбегінің сапалы нәтижесіне ынталандыруға, атқарған жұмысы үшін көтермелеуге бағытталған төлемдер жатады. Ынталандыру сипатындағы төлемдер:

- бейіні бойынша жұмыс өтілі үшін төлемдер;
- біліктілік санаты үшін төлемдер;
- сыйақы және өзге де көтермелеу төлемдерін қамтиды.

Орташа жалақы қызметкер

Түсімдердің атауы мың теңге	2021	2022	2023
Оқытушылар	100	120	150
Көмекші персонал	85	90	105
Әкімшілік-басқарушылық	140	160	180

персонал			
----------	--	--	--

Колледж қызметкерлерін ынталандыру шығындары жыл сайын артып келеді, мысалы 2023 жылы: ақшалай сыйақыға - 168,0 мың теңге, материалдық ынталандыруға -568,0 мың теңге, іссапар шығындарына – 740,0 мың теңге, оқу ақысын төлеу, үздіксіз білім беру курстарына - 689,0 мың теңге төленген.

Қызметкерлерді ынталандыру бойынша шығыстар

Шығыстар, мың теңге	2021	2022	2023
Ақшалай сыйақы	80,0	115,0	168,0
Материалдық көтермелеу (бағалы сыйлықтар)	240,0	250,0	568,0
Іссапар шығыстары	58,0	480,0	740,0
Біліктілікті арттыру курстарына ақы төлеу	50,0	2115,0	689,0

ЖШС «Бопай ханым жоғары медициналық колледжі» ішкі бақылау жүйесінің процедураларын (ішкі бақылау құралдары) басшылық жоспарда көрсетілген мақсаттарын жүзеге асыру үшін қабылдаған, оның іс жүзінде қаншалықты мүмкін болатындығын, колледж қызметін жүйелі және тиімді жүргізуді және колледж саясатын қатаң сақтауды, активтердің сақталуын, бухгалтерлік жазбалардың дәлдігі мен толықтығын, сенімді қаржылық ақпаратты уақытылы дайындауды қамтамасыз ететін саясатты қамтиды.

Ішкі бақылауды ұйымдастыруды колледж әкімшілігі қамтамасыз етеді. Колледждің Бас директоры бухгалтерлік құжаттарға қол қоюға құқығы бар тұлғаларды анықтайды. Ішкі бақылауды жүзеге асыру жүргізілген шаруашылық операцияларды, бухгалтерлік есеп бастапқы бухгалтерлік құжаттарды есепке алу кезінде жүзеге асырады. Ссанкцияларды бақылау (әрбір шаруашылық операциясына тиісті түрде рұқсат етілуі керек), заңдылықты бақылау (әрбір шаруашылық операциясының қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін тексеру қажет), деректерді өңдеуді бақылау (басшылық тарапынан құжаттама мен жүйелік жазбаларды бақылау қамтамасыз етілуі тиіс), қорғау жүйесін бақылау (активтерге қолжетімділіктің шектелуі қамтамасыз етілуі тиіс), колледжде ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тексеру үшін колледж басшысының бұйрығы бойынша немесе бухгалтерлік және салықтық есеп саласындағы мамандарды тарта отырып, ішкі аудит немесе өз бетінше тексеру жүргізіледі. Бірінші басшының бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік және қаржылық есептілікке қатысты басқа да ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында тексеру үшін сыртқы аудит жүргізіледі. Тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуына ішкі аудит жүргізу үшін материалдық емес құндылықтар мен негізгі құралдарға түгендеу жүргізіледі.

Қаржыны қабылдау мен бөлуді бақылау тетігі жеткілікті деңгейде қанағаттанарлық және білім беру бағдарламаларының қаржы ресурстарына қажеттілігін колледж әкімшілігі бақылайды. Қаржы ресурстарын жұмсау кезінде сатып алуға жоспарланған тауарлық-материалдық құндылықтарды

пайдаланудың оңтайлылық қағидаты сақталған. Қаржылық есептілікті ұсыну жүйесі принциптер бойынша және халықаралық қаржылық есептілік стандартының талаптарына сәйкес орындалған. Колледждің қаржылық ресурстарын басқару бас директор, колледж директоры бухгалтерия арқылы жүзеге асырады. Бухгалтерия кірістер мен шығыстарды жоспарлайды, оларды жүзеге асырады, талдайды, қаражат қозғалысы бойынша операциялық жұмыстарды және олардың есебін жүргізеді.

ЖШС «Бопай ханым жоғары медициналық колледжі» қаржылық-шаруашылық қызметіне ағымдағы талдау үнемі жүргізіп отырады. Кәсіпорын қызметінің бірқатар маңызды параметрлері бойынша басшылыққа ақпарат апта сайын ұсынылып отырады. Қаржы ағындарын жоспарлауды, басқаруды және талдауды сипаттайтын қаржылық қызметтің барлық негізгі параметрлері соңғы үш жылда бұл процестердің сапасы айтарлықтай өскен.

Колледжде материалдық ынталандыруға да көңіл бөлінеді және студенттерді әлеуметтік қолдау арқылы стипендиядан басқа, білім алушыларға жетім балалар, ата-анасыз қалған балаларға «аз қамтылған отбасындағы» ата-аналардың балаларының қамқорлығы үшін тамақтануға арналған шығыстар арқылы материалдық көмек көрсетіліп төленеді. Студенттерге оқу уақытында қысқы және жазғы демалыс кезеңінде жеңілдікпен жол жүргені үшін өтемақы төленеді. Әртүрлі жобаларды жүзеге асыруға (көрмелерде, олимпиадаларда, конкурстарда жергілікті, облыстық және республикалық қызметкерлер мен студенттердің қатысуына) ақылы қызметтер көрсетуден алынатын қаражат жоспарланады. Қосымша қаражат тарту ақылы топтардың көбеюі есебінен қамтамасыз етіледі.

Соңғы 3 жылдағы контингент

Мамандығы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Мейіргер ісі	964	844	762
Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры	-	-	38
Емдеу ісі	563	943	1159
Фармация	86	86	68
Акушерлік іс	-	13	26
Барлығы	1613	1886	2053

Ескертпе. 2023-2024 оқу жылындағы 2053 адамның 226-сы мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алуға.

2022 жылы колледждің симуляциялық орталықтары үшін барлық қажетті жабдықтар сатып алынды.

Материалдық активтерді соңғы 3 жылда сатып алу

Атауы	2021	2022	2023
Жабдықтар мен кітапханалық қор	1 810 000,0	1 100 000,0	18 138393,0

Деректер бойынша қаржылық есептілік материалдық активтерді (жабдықтар мен кітапхана қоры) 2023 жылы 18 138393,0 теңге, 2022 жылы – 1 100 000,0 теңге, 2021 жылы 1 810 000,0 теңге сатып алуға жұмсалған.

Кітапхана қорын толықтыруға бөлінген қаражат: 2023-2024 оқу жылында – 504,5 мың т., 2022-2023 оқу жылында – 310,0 мың т., 2021-2022 оқу жылында – 161,0 мың теңгені құрайды.

Кітапхана қорын толықтыру

Атауы	2021-2022	2022-2023	2023- 2024
Толықтыруға бөлінетін қаражат көлемі	161,0	310,0	504,5

Бекітілген жоспарлардың толық орындалуына жағдай жасауды қамтамасыз ету мақсатында колледжде қаржылық қызметтерді басқаруға ақпаратты ашу жүйесіне негізделген ресурстармен, қаржы-шаруашылық қызметі туралы аналитикалық есептерді қалыптастыру арқылы, колледж қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызмет жоспарларының орындалуы туралы есеп бойынша тұрақты бақылау және мониторинг жүргізіледі.

Ұсыныстар:


- 1) Интернет трафиктерінің қуатын арттыруға қаржы бөлінуі;
- 2) Интерактивті тақталардың санын көбейту;
- 3) Кітапхана қорындағы қазақстандық авторлар оқулықтары мен электрондық ресурстар сатып алып санын көбейту керек.

8 Стандарт Материалды-техникалық және ақпараттық ресурстар

Колледж инфрақұрылымын қамтамасыз ету және жұмыс күйінде ұстау білім беру процесінің, инновациялық қызметтің және олардың нәтижелерінің сапасына әсер ететін білім беру сапасы саласындағы саясаттың басты міндеттерінің бірі болып табылғандықтан колледждің материалдық-техникалық базасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

ЖШС «Болай ханым жоғары медициналық колледжінде» үш оқу ғимараты бар. колледждің заңды мекен-жайы А. Иманов, 14, онда екі оқу ғимараты орналасқан. Үшінші оқу корпусы нақты мекен-жайы бойынша Ағ. Жұбановтар көшесі, 302 А орналасқан.

2023-2024 оқу жылына колледжде 89 оқу кабинеті мен зертханасы бар, оның 9-ы жалпы білім беру және 40-ы арнайы пәндер үшін, 19-ы оқу



кабинеттері. Зертханалар-5, тестілеу орталықтары (компьютерлік кабинеттер - 3) – 1, симуляциялық орталықтар – 2 (практикалық сабақтарға арналған симуляциялық кабинеттер – 11), спорт залдары - 2. Зертханалар мен оқу кабинеттерінің эстетикалық жағдайы санитарлық талаптарға сәйкес келеді.

Зертханаларда қауіпсіздік техникасының бұрышы ресімделген, өрт сөндіргіштер мен медициналық дәрі қобдишалары бар.

Медициналық бағыт бойынша кадрлар даярлау үшін колледжде профессор Ж.К.Ордабаев атындағы №1 Симуляциялық орталық бар (8 симуляциялық кабинет), №2 Симуляциялық орталық (3 симуляциялық кабинет) қамтиды.



Клиника базаларында - М. Оспанов атындағы МКҚК «Облыстық жедел және шұғыл медициналық көмек станциясы», МКҚК «Отбасылық медицина орталығы», «БайшевМЕД» мекемесінде, БҚМУ медициналық орталығында оқу кабинеттері бар. Құжаттаманы сақтауға арналған мұрағат та бар.

Колледжде жаңа заманауи компьютерлерімен жабдықталған компьютерлік кабинеттер бар. Колледж заманауи компьютерлік техникамен жабдықталған: компьютерлер – 150 дана, ноутбуктер – 4 дана, LED экран P2, 5 – 1 дана, интерактивті тақталар-3 дана, проекторлар-12 дана СКД теледидарлар - 4 дана, МФУ принтерлері-10 дана, принтерлер – 16 дана, сандық бейнекамера-1 дана, сандық фотоаппарат-1 дана, музыкалық аппаратура – 1 дана, 1 тест-орталық (3 компьютерлік кабинет) жұмыс істейді.



Колледждің барлық білім беру кеңістігі кең жолақты интернет желісіне қосылған. Оқытушылар мен студенттердің жұмысына ыңғайлы болу үшін колледж тегін WI-FI ұсынады. Оқу процесінде Zoom, Classroom платформалары, «Platonus» ақпараттық жүйесі және колледждің ресми сайты bc.edu.kz, YouTube арнасы, «Индиго» бағдарламасы қолданылады.

Кітапхана колледждің 1 қабатында орналасқан кең кітапханасы бар. Кітапхана құрылымы: оқу залы, абонемент, кітап қоймасы бөлімдерден тұрады. Оқу залындағы орындардың саны-30.

Колледж кітапханасында студенттерді қажетті оқу, оқу-әдістемелік, медициналық, қоғамдық-саяси, жаратылыстану-ғылыми және көркем әдебиеттермен, электрондық кітапханамен қамтамасыз етілген.

Мамандықтар бойынша оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілген

Мамандықтың атауы	Даналар саны	Оның ішінде мемлекеттік тілде
-------------------	--------------	-------------------------------

	ОҚ	ОӘҚ	ОҚ	ОӘҚ
Мейіргер ісі	5475	1153	3655	638
Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры	2861	123	2112	48
Емдеу ісі	6209	1213	4264	694
Акушерлік іс	4525	850	3145	420
Фармация	3911	1369	1086	786

Контингентке қатысты оқу қорының көлемі білім беру процесінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.


Колледж сайтында негізгі электрондық ресурстар көрсетілген электрондық кітапхана бар. Әрбір білім алушы мен оқытушының РМЭБ базасымен (республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхана), электрондық басылымдар базасымен, aknurpress электрондық кітапханасымен, ЭБЖ IPR BOOKS, eLIBRARY.RU, сондай - ақ Cochrane дәлелді медицина базасына, "Параграф-WWW" ақпараттық жүйесіне және т. б. WebofScience ағылшын тілді сайттары бар электрондық кітапханаларға қолжетімділік жасалған, Springer. Кітапхананың оқу залында мерзімді басылымдарды да пайдалануға мүмкіндік бар.

Колледж кітапханасында оқырмандарға жедел қызмет көрсету мақсатында «КАБИС» электронды бағдарламасы жұмыс істейді. Кітапханада алфавиттік, жүйелі каталогтары жүйесі бар.

Кітапхана каталогтарының сапасын жақсарту үшін ББК және УДК бойынша жүйелеу жүргізілген. Кітапхана қызметкерлері дәстүрлі каталогпен қатар қордың барлық бірліктерінің библиографиялық сипаттамаларын қамтитын электрондық каталогты жүргізеді. «КАБИС» бағдарламасы кітапханашының жұмысын жеңілдетеді, бұл жерде библиографиялық тізімді құрастырады, кітапханадағы әдебиеттің орнын анықтайды, білім беру саласындағы кітаптар мен белгілі бір автордың кітаптарын, кітаптың атауы бойынша қордан кітаптар іздейді.

Колледж кітапханасы Байшев университетінің кітапханаларымен және С. Байшев атындағы облыстық эмбебап-ғылыми кітапханасымен келісім шарт жасасқан.

Жыл сайын оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, көркем әдебиет пен мерзімді басылымдарды, оның ішінде цифрлық тасымалдағыштарды қамтитын кітапхананың кітап қоры сапасы жаңартылып отырған.



Мамандықтар бойынша негізгі оқу әдебиеті қоры

Кітапхананы мемлекеттік тілдегі оқулықтармен толықтыруға көп көңіл бөлінген - 33057 дана, 2023-2024 оқу жылында 430050 теңге сомасына оқу әдебиеті сатып алынған.

Оқу әдебиеттерімен толықтыру

Оқу әдебиеттерін сатып алу	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Барлығы, бірлік	-	7	45
Оның ішінде мемлекеттік тілде	-	3	30
Сомасы	-	74480	430050

Кітапхананың 3 оқу жылындағы кітап қоры

Оқу жылдары	Кітапхананың кітап қоры					
	Барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде	Оның ішінде электронды тасымалдау ышта	Оқу, оқу-әдістемелік әдебиет
2020-2021	55805	30388	23644	455	1318	54487
2021-2022	55954	30537	23644	455	1318	54636
2022-2023	58964	31395	25796	455	1318	57646

Оқу әдебиетін толықтыруға бөлінетін қаражат көлемі, мың.т.

2021-2022	2022-2023	2023-2024
161,0	310,0	636,5

Кітапхана медицина саласының «Мейірбике ісі», «Білімді ел», «Денсаулық», «Медицина» ғылыми журналдарына жазылып отырады.

Қаладан тыс білім алушылардың жатақханада тұру мүмкіндігі бар. Жатақхана 210 орынға есептелген. Студенттердің тұруы үшін барлық жағдай жасалған, бөлмелер толығымен жиһаздалған, сабаққа дайындалуға арналған кабинеттер, демалыс бөлмелері, кинозал, оқу залы бар, интернет өткізілген. Әр қабатта тұрмыстық, үтіктеу және кептіру бөлмелері, душ бөлмелері, ас үй бар. Аумақ көгалдандырылған.

Колледжде барлық санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелерге сәйкес келетін 250 орындық асхана бар. Колледждің асханасында 2020 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Екі спорт залы және бассейні, спорт залдары бар бір спорт кешені бар. Колледжде Ledэкранмен, музыкалық аппаратура жиынтығымен жабдықталған 250 орындық конференц-зал жұмыс істейді.

Колледжде ауданы 24 ш.м. медициналық пункт жұмыс істейді. медициналық қызметті жүргізу құқығына лицензиясы бар: алғашқы медициналық-санитарлық көмек, студенттерді жыл сайын кәсіби тексеру, асхана мен ас блогының жұмысын күнделікті бақылау, оқу кабинеттері мен жатақхананың тұрғын үй-жайларындағы санитарлық жағдайын бақылау қарастырылған. Медициналық пункт білім алушыларға қызмет көрсету үшін барлық қажетті дәрі-дәрмектермен және құралдармен қамтамасыз етілген.

2019 жылы колледж жанынан «Баишев Мед» емханасы ашылған. Жеке

медициналық орталықтың болуы колледж студенттеріне практикадан өтуге және медицина қызметкері ретінде кәсіби дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Емханада білім алушылар мен қызметкерлерді профилактикалық тексеру және лабораториялық тексеру, тереңдетілген медициналық тексеру жүргізіледі.

Колледждің 1-қабатында баспахана орналасқан, онда басып шығаруға, көшіруге және т. б. мүмкіндік берілген.

Іргелес аумақты және колледж ішінде бейнебақылау үшін 10 аналогтық және 9 IP камерадан тұратын бейне бақылау жүйесі орнатылған. Оқу ғимаратының үш қабатында және жертөледе орталықтандырылған дыбыстық ескерту жүйесі бар.

Оқу процесін автоматтандыру мақсатында колледжде «Platonus College» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі енгізілді. «Платонус» жүйесінде колледждің барлық нақты процестерін көрсететін орталықтандырылған мәліметтер базасы бар.

Заманауи интерактивті жабдықтар белсенді қолданылады, проекторлармен, интерактивті тақталармен және компьютерлермен жабдықталған 6 интерактивті кабинет құрылған. Лингафон кабинеті жұмыс істейді.

Колледжде ақпараттық-білім беру сайты құрылған және табысты жұмыс істейді(<https://bc.edu.kz/>) колледждің ресми веб-сайты білім беру мекемесінің қызметін жақсарту үшін тиімді, студенттерді, оқытушыларды және әкімшілікті өзара байланыстыруға мүмкіндік береді. Колледждің ресми сайты үш тілде ұсынылған және үш деңгейлі доменге ие.

Колледж сайты жалпы мәліметтер, ғылыми-әдістемелік жұмыс, тәрбие жұмысы, оқу-өндірістік қызмет, оқу процесін ұйымдастыру, оқу үлгерімі, талапкерлер үшін ақпарат және т. б. функционалдық элементтерден тұрады. Күн сайын дерлік сайтқа ақпараттық материалдар орналастырылады. Колледж сайты білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін, оқу процесінің кестесін, кеңес беруді және қосымша сабақтарды және т.б. көрсетеді. Колледж сайтына ата-аналар, студенттер, оқытушылар, колледж әкімшілігі, әлеуметтік серіктестер, жұмыс берушілер кіріп өз пікірлерін қалдыра алады.

Студенттер мен оқытушылардың барлық жетістіктері колледж сайтында bc.edu.kz және әлеуметтік желілер [facebook](#), [Instagram bopaykhanym_college](#). жарияланады Ресми сайттағы жарияланымдардың жаңартылуы мен сапасы үшін директордың оқу - әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары жауапты.

Колледж сайтында білім беру бағдарламасын игеруге қажетті барлық ақпараттық-анықтамалық және әдістемелік материалдар (анықтамалық-нұсқаулық, колледждің академиялық саясаты және т.б.) орналастырылған.

Колледжде барлық педагогтар, қызметкерлер мен білім алушылар үшін қолжетімді жерде директор бекіткен бұйрық нысанында, эвакуациялау тәртібі, жоспары, білім алушының жазатайым оқиғасы/жарақаты туындаған кезде колледж қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмі, мемлекеттік өртке

қарсы қызмет, жедел медициналық көмек органдарының, қалалық ТЖ бөлімінің, колледж басшыларының байланыс телефондары (директор, директордың орынбасары), медицина қызметкері, күзет қызметінің жұмыс режимдері көрсетілген.

Колледжге бөгде заттарды (қораптар, сөмкелер, банкалар, бөтелкелер, өткір, тез тұтанатын және жарылғыш заттар және т.б.) әкелуге тыйым салынған ескерту нұсқаулары да бар.

Ғимараттың әр қабатында, айқын көрінетін жерлерде өрт кезінде және төтенше жағдайлар кезінде адамдар мен мүлікті эвакуациялау жоспарлары (схемалары) көрсетілген.

Колледж әкімшілігі есіктен кіріп шығу турникетінің өткізу режимі, құжаттаманы жүргізу тәртібі, техникалық күзет құралдарының жағдайы мен жарамдылығына, қосалқы шығуларды күтіп-ұстауға жоспарлы тексерулер жүргізіп, бақылау нәтижелері қауіпсіздік техникасы жөніндегі журналға жазып көрсету күнделікті жүргізіледі.

Колледж объектілерін күзетуді күзет қызметін жүргізуге лицензиясы бар жеке тұлғалар, объектіні күзетуге арналған келісім шартқа және функционалдық міндеттеріне сәйкес штаттық вахтерлер жүзеге асырады. ЖШС «Батыс күзет мониторингі» мамандандырылған күзет бөлімшесі 01.01.2024 жылғы №1882 келісім шарт негізінде объектілердің дабылының мониторингі бойынша қызметтер көрсетеді.

Күзет қызметі өткізу режимінің сақталуын тұрақты бақылауды және қызметкерлер мен білім алушылардың келуі мен кетуін бақылауды қамтамасыз етеді.

Ұсыныстар:

- 1) Студенттің жеке ерекшеліктерін ескере отырып әдістемелік көмек көрсету үшін колледждің ішкі желісіндегі әрбір студенттің профайлын жекелендіру;
- 2) Арнайы пәндерді оқыту сапасын көтеру үшін «Пирогов» анатомиялық үстелін сатып алу;
- 3) Компьютерлендірілген лингафон кабинеті жасақталуы;
- 4) Негізгі мамандықтарды жетілдіру мақсатында кітапхана қорын заманауи оқу құралдарымен толық қамтамасыз етілуі;
- 5) Моноблок, ноутбуктер санын көбейтіп, диагностикалық механизмдерді жүзеге асыру керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Орталық Азия білім жүйесін аккредиттеу қауымдастығы бастамасымен арнайы құрылған сарапшылар тобы ЖШС «Бопай ханым жоғары медициналық колледжінің» өзін-өзі бағалау есебінде көрсетілген мәліметтердің сәйкестігін анықтап, есепте атап көрсетілген

жетістіктер мен мәліметтердің, фактілердің шынайылығына колледж басшылығымен, құрылымдық бөлімдердің жетекшілерімен, білім алушылармен, түлектермен, әлеуметтік серіктестіктер – жұмыс берушілермен сұхбат өткізу және көзбен нақты көру нәтижесінде көз жеткіздік.

Колледжді аккредиттеуден өткізу арқылы колледж ұжымы, студентке бағытталған білім жүйесінің әлемдік стандартқа сәйкестігіне аса мән беріп, білім сапасын арттыру жолдарына баса назар аударған.

Аккредиттеу нәтижесінде білім беру қызметтерінің нарығы қалыптасып, бәсекеге қабілеттілік арта түсетінін дәлелдеп, колледждің еркіндігі мен сенімділігі, алдыңғы қатарлы оқу орындары қатарынан көріну ынтасын күшейгенін колледжде жасалған іс-әрекеттерден - оқу ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілгенін, әлемдік стандарттарға сәйкес талаптануын, жоғары дәрежедегі кадрлық құрамның жасақталуын, білім беру бағдарламалары мен тәрбие жұмыстарының нәтижелі жүргізілгенін көрдік.

Есепте көрсетілген және атқарылған жұмыстардың дәлелдемесі ретінде ұсынылған электронды және қағаз түрінде құжаттары куә. Аккредиттеу арқылы халықаралық деңгейдегі үздік тәжірибелерді үйрену және оқу тәрбие процесіне жаңалықтарды енгізу – оқу орнының білім сапасының заман талабына сай болуына жол ашатындығының кепілі құзыретті медицина мамандарын дайындау ісі өте жақсы деңгейге қойылған деп есептеп қорытындылаймыз.

ҚОСЫМШАЛАР

Нормативтік- құқықтық актілер тізбесі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (01.01.2022 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
2. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, 2011 жылғы 18 ақпан № 407-IV (2021 жылғы өзгерістер мен толықтыруларымен)
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 Қаулысы. «Әрбір азаматқа сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсету» - «Дені сау ұлт»;
4. "Мейірбике ісіндегі білім, ғылым және практиканың үштұғырлығы" жол картасы, 2021ж.
5. 2020 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

6. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңы № 293-VI ЗРК;

7. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауы;

8. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі №533 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»;

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсанындағы №ҚР ДСМ -299/ 2020 бұйрығы «Денсаулық сақтау облысында Аккредиттеу ережесін бекіту туралы»;

10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы»;

11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы»;

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;

13. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы»;

14. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы»;

15. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың,

бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»;

16. Ұлт жоспары «100 нақты қадам: баршаға арналған заманауи мемлекет» және т.б.